

Ж. Дәулетбекова, Қ. Рай, Л. Жүмекенова

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика  
бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық

## 10

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2019

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 81.2Қаз-922

Д 22

*Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10–11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер

-  – ойтүрткі
-  – оқылым
-  – айтылым
-  – жазылым
-  – тыңдалым

-  – тілдесім
-  – ойқазына
-  – жұптық жұмыс
-  – топтық жұмыс
-  – ойтаразы

Дәулетбекова Ж. т.б.

Д 22 Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ж. Дәулетбекова, Қ. Рай, Л. Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2019. – 96 бет.

ISBN 978-601-331-546-1

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978-601-331-546-1

© Дәулетбекова Ж., Рай Қ.,  
Жүмекенова Л., 2019  
© «Атамұра», 2019

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушы! Міне, саған өз болашағыңды таңдау мүмкіндігі берілді, бүгін сен өзің армандайтын мамандық өлеміне қадам басып отырсың. Бейіндік мектептің жаратылыстану-математика бағытын қаладың. Өзіңнің мүддең мен еліңнің, халқыңның мүддесін ұштастырып, адал қызмет ету үшін терең білім, үздіксіз ізденіс керек. Себебі сенің келешек өмірің өзіңнің таңдаған мамандығыңа, сол мамандықтың қыры мен сырын үйрену талабыңа, қайратың мен жігеріңе, ең бастысы, тұлғалық қабілеттеріңді шыңдай алуыңа байланысты.

Тіл – қай мамандықты таңдасаң да, биік арманыңа, ізгі мақсатыңа жетуіңе ықпал ететін ең мықты құрал, ең басты мүмкіндік. Өйткені тіл – адамзат баласына ғана берілген ұлы қасиет, ерекше қабілет, жаратылыстың ғажап сыйы. Өр адамның тілді орынды қолдана алуы оның өміріндегі сәттіліктердің бастауы болып саналады. Тіл адамның әлеуметтенуіне: өзі өмір сүріп отырған ортада өзгелермен тіл табыса еңбек етуіне, өз орнын иемденуіне, өзгелерді тануына, өзін танытуына жол ашады.

Тілсіз адамның биік нәтижелерге жетуі, рухани дамуы мүмкін емес. Өйткені адам тіл арқылы ғана басқалармен қарым-қатынас жасап, бірлесе өмір сүреді, адами мұраттарға қол жеткізеді. Тіл арқылы ғана дүние туралы білім алып, өз көзқарасын қалыптастырады, аға ұрпақтың өлшеусіз өмір тәжірибесін үйренеді, ұғымын кеңейтеді. Тек тіл арқылы көңіл күйін, ішкі сезімін білдіреді, өзіне өмірлік дос, тағдырына балайтын жан серігін табады, ұжымдасып еңбек етеді. Достасып, жұптасып ғұмыр кешеді, кісілік сыйласымдылыққа ие болады, өз ортасы қалыптасады, ұрпақ тәрбиелейді. Осының бәрі де кез келген ортада, кез келген жағдаятта өзгелермен мәдениетті қатынас жасай алуды, сөзді дұрыс қолдана білуді талап етеді. Қолыңдағы «Қазақ тілі» оқулығы сенің өртүрлі өмір жағдаяттарыңда қарым-қатынас жасау, пікір таластыра алу дағдыларың терең меңгеруіңе, сөйлеу мәдениетіңді жетілдіруіңе бағыт беріп, дағдыларыңды шыңдайды деп сенеміз.

Оқулық материалдары 5 бөлім бойынша топтастырылған: 1. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. 2. Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. 3. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. 4. Адам өмірін сақтау. 5. Сәулет өнері. Бұл тақырыптар бойынша құнды ақпараттар алып, қызықты тапсырмалар орындайсың.

Іске сәт, жас дос!

*Авторлар*

## 1-БӨЛІМ

### ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

1–2-сабақ

АДАМЗАТ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАР



1. Суреттегі бейнелердің қайсысын құндылық деп санайсың? Ойыңды дәлелде.





**2.** Төмендегі үзіндіні оқып, осы тарауда қандай мәселелерге назар аударылатынын болжап айт. Мәтіндегі тірек сөздердің мағынасын таратып түсіндір. Басқа тілден енген сөздерді тауып, олардың жазылу ерекшелігіне көңіл бөл.

Құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы. Ол қашанда бір нәрсенің бағалылығын, яғни объективті болмысты және сонымен бір мезетте оның әлдекім (немесе әлдене) үшін құндылығын, яғни субъективті бағалау деңгейін білдіреді. Дүние құндылыққа толы: материалдық (заттар, әшекей бұйымдар, алтын мен асыл тастар, ақша, меншік және т.б.), табиғи (күннің шығуы мен батуы, теңіздер мен таулар, гүлдер және т.б.), көркем (әдебиет пен өнер туындылары) және адами (сұлулық пен ізгі қасиеттер) құндылықтар.

Бір нәрсені екіншісінен артық көру – жалпы тірі табиғатқа тән қасиет. Аң екеш аңның өзі баласын қызғыштай қорғайды, дегенмен құндылықтың антропогенді, яғни адамға тән екендігін баса айту қажет. Барлық жаратылыстың ішінде адам ғана табиғи және мәдени туындыларды, идеялар мен амал-әрекеттерді, жалпы басқа адам мен қоғамды, сондай-ақ өзін-өзі бағалауға қабілетті. Құндылықтар адамның әлеуметтік болмысын айқындайды. Адамзат баласы құндылықтарға мүдделі әрі мұқтаж.

*Әлеуметтік сөздіктен*




**3. Салыстыр.** «Құнды», «құндылық», «жалпыадамзаттық», «ұлттық» сөздерінің мағынасын қалай түсінетініңді тұжырымдап жаз. Өз пайымдауларыңды «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» осы сөздерге берілген анықтамалармен салыстыр.




**4. Ойшақыру.** Мәтін бойынша және өздерің құндылықты тағы қалай түсінетіндеріңді ойлаып, диаграмма мен кестені толтырыңдар. 1, 2-жүп кестені, 3, 4-жүп диаграмманы толтырады. Жұмыстарын алмастырып, салыстырады.



Құндылықтар			
Материалдық	Табиғи	Көркем	Адами


-  5. Тірек сөздерді оқы. Осы сөздер бар мәтінде не туралы айтылуы мүмкін деп ойлайсың? Пікірлесіңдер.


*Тірек сөздер:* жіктеу, адамзаттық, ұлттық, құндылық, қалып.

-  6. «Құндылық» сөзін бірнеше сын есім сөздермен тіркестіріп жаз. 3 минутта ең көп сөз тіркесін жазған сыныптасыңды анықта.

*Үлгі:* рухани құндылық, ...




-  7. Мәтінді мұқият тыңда.

-  8. Мәтінді тыңдай отырып, конспект жаз. Мәтін мазмұны бойынша тірек сөздерді анықта. Олардың мағынасын түсіндір.

### Есіңе сақта!

Конспект – тыңдалған немесе жазылған мәтіндегі ақпараттың барынша ықшамдалып, қысқартылып жазылуы. Конспектіде сөйлем құрылымының толық сақталуы шарт емес, бірақ түсінікті болуы маңызды. Сөйлемдер өзгертілмеген қалпында немесе жазып отырған адамның қалауына қарай қысқартылып, қарапайым түрде жазылуы мүмкін.

-  9. Тыңдалым мәтінінің мазмұны бойынша күрделі жоспар құр. Ол үшін төмендегі тақырыптарды ретпен қойып жаз.

Гуманистік аксиология.  
Құндылықтардың жіктелуі.  
Қазіргі заман құндылықтары.  
Адам – ең басты құндылық.  
Құндылық және қалып.

### Тілдік бағдар

**Интонацияның құрамдас бөліктері:**  
әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс

Әуен, әуез, қарқын, кідіріс, тембр – интонацияның негізгі құрамдас бөліктері. Олар сөз ағымында бірімен-бірі тығыз байланысты болып, көркем сөйлеудің негізін құрайды, сондай-ақ тілдегі сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады. Сөйлеу ағымында жеке-жеке емес, тұтасып, бір-бірімен бірігіп, кейде біреуі басым түсіп, кейде барлығы бірдей

деңгейден көрінеді. Кез келген сөйлеу үдерісінде, шығарма тілінде, мәтінде, тіл дыбыстарында стилистикалық бояу анық байқалады.

Интонацияның маңызды да белгілі құрамдас бөліктерінің бірі – пауза немесе кідіріс. Сөйлеу ағымында болатын үзілісті пауза дейді. Кідіріс акустикалық жағынан дыбысталудың тоқтағанын, физиология тарапынан артикуляцияның тыйылғанын білдіреді.



**10.** Даналар айтқан сөздерді оқып, мағынасын түсін.

Б. Шоу: «Жазу тілі грамматикалық жағынан қанша жетілсе де, интонацияның сан түрлі қызметін бере алмайды. Мысалы, айтуда «иә» деген сөзді 50 түрлі тәсілмен, ал «жоқ» деген сөзді 500 түрлі тәсілмен беруге болады. Ал жазуда бұлай болуы мүмкін емес».

М. Горький: «Біз өз сөзімізді сөзден де артық интонация арқылы түсіндіреміз».

В. Всеволодский-Гернгросс: «Адамның жан дүниесінің қанша құбылысы болса, соның бәрін интонациямен беруге болады».

Қ. Жұбанов: «Адамның көңілінің түрлі күйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді».

А.П. Чехов: «Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар».

К.С. Станиславский: «Штампан қате жақсы».

**11.** Тілдік бағдар бойынша интонацияның құрамдас бөліктерінің сөйлеу ағымындағы маңыздылығына сәйкес топтастыру сызбасын толтыр.



**12.** Сөйлемдерді оқу барысында интонация бөліктеріне мән беріңдер.

Жас бала – жас шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «Баланы – бастан» деген сөздің мәнісі – осы.

*М. Жұмабаев*

### 13. Мәтінді оқы.

Құндылықтарға байланысты ой-тұжырымдар адам туралы ілімнің барлығында қамтылып отырады. Өйткені адамның мәні оның құндылықтарға деген қатынасымен өлшенеді. Философия ғылымында құндылықтар туралы ілім аксиология деп аталады. Бұл ғылым саласы өзінің бастауын құндылықты адам игілігі деп қарастырған ежелгі гректерден алады.

Ғылыми еңбектерде құндылыққа мынадай анықтама берілген: «Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары, тиісінше, материалдық және рухани болып бөлінеді». Осы ойдан туатын түйін: құндылықтар – адамның бойына шынайы кісілік қасиеттерді сіңіретін, оларды ізгілікке бастайтын, қоғамдағы өз орнын саналы түрде иемденуге, адамзат баласын бірін-бірі, өзі өмір сүріп отырған ортаны, ғаламды сүйуге, құрметтеуге ықпал ететін рухани қайнар көз. Ғалымдар құндылықтарды финалдық, құралдық, туынды деп бөліп көрсетеді.

Финалдық құндылықтар – ең жоғары құндылықтар мен идеалдар. Олардан артық ештеңе жоқ. Адам өмірінің мәнін құрайтын, оның ең басты мүдделері мен бағдарларын айқындаушы құндылықтар (өмір, еркіндік, сұлулық, адалдық, бақыт, махаббат, ар, гуманизм, денсаулық және т.б.). Философтар мұндай құндылықтарды «өзінен-өзі туындап жататын нәрселер, олар басқа бір мәселені шешу үшін емес, адамның өзі үшін қажет» деп бағалайды. Кімнің бойында осы құндылықтар бар болса, ол одан әрі ұлғая береді де, басқа бір өмірлік жетістіктерге жеткізетін әрекеттерді жүзеге асыруға қажетті іргетас қалайды.

Құралдық құндылықтар – финалдық құндылықтарға қол жеткізу үшін қажетті құралдар мен жағдайларды айқындаушы құндылықтар. Мысалы: әдемі бұйымдар, сәнді киімдер, көркем туындылар – сұлулыққа тамсану үшін керекті құралдар. Сол сияқты спортпен айналысу – денсаулық секілді финалдық құндылыққа жетудің жолы. Оқу – болашақта адамның өміріндегі нақты мақсатқа қол жеткізудің шарты, мүмкіндігі, құралы болып саналады. Құралдық құндылықтар неғұрлым нақты бір мақсатқа қол жеткізуге пайдалы болса, соғұрлым құнды болады. Сонда тіл де – құрал, оқу да – құрал. Екеуін қатар жетілдіру, олардың бірінен бірін ажырағысыздай етіп өру – құндылықтарды қалыптастырудың негізі.

Туынды құндылықтар басқа бір құндылықтардың нәтижесі немесе соларды білдірудің символдық, белгілік мәні болып саналады. Мысалы, сыйлық – құрметтің, достықтың, махаббаттың



туынды құндылығы. Медаль – адамның мәртебесін өсіруге қажетті бұйым.

Құндылықтар ұдайы бір-бірімен сәйкес келе бермейді. Кей жағдайларда адамның бір құндылықты таңдауына тура келеді. Мысалы: Өмір – Ар; Достық – Махаббат; Білім – Демалыс.

*«Мәдениеттану негіздері» кітабынан*



**14.** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орында.

1) Мәтіндегі тірек сөздерді айт. Мәтін қай стильде жазылған? Ойыңды дәлелде.

2) Финалдық, құралдық, туынды құндылықтардың ең маңыздысы қайсы? Осы терминдерді басқаша қалай атауға болады?

3) Мәтінде өзің үшін тосын ақпарат кездесті ме? Ол мәтіннің қай бөлігінде айтылған?

4) Мәтінге қандай ат лайық? Неліктен?

5) Мәтін мазмұны бойынша тұжырым жаз.



**15.** Мәтіндегі финалдық құндылықтар жайлы пікірді парталасыңмен бірге талдап, сызбаны толтыр.




**16.** Мәтіннен үндестік заңына бағынбай жазылған сөздерді тауып жазып, себебін түсіндір.

*Үлгі:* құндылық – күндүлүк.



**17.** Мәтінге сүйеніп, құндылықтардың жіктелуі мен олардың адам өміріндегі мәні туралы өз тұжырымыңды төмендегідей көрнекі сызба түрінде жаз.



**18. «Аквариум».** Жағдаят: Төменгі сыныпта оқитын інің/сіңлің «күн-дылық» деген сөздің мағынасын түсіндіріп беруіңді сұрады. Диалогті парталас досыңмен бірге сынып оқушыларының алдында көрсетіңдер. Олар ауызекі сөйлеу стиліне тән заңдылықтар мен сөз әдеби нормаларына сай келетін үздік диалогті анықтасың.

**19.** Өлеңді үндестік заңын сақтай отырып, мәнерлеп оқы. Білге қаған, Күлтегін туралы білетініңді айт. Жыр мазмұнына сүйеніп, құндылықтарды ата. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің орфоэпиялық және орфографиялық нормалары туралы айт.

Түркі халқы үшін  
Түн ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.  
Інім Күлтегінмен бірге,  
Екі шадпен бірге  
Өліп-тіріліп жерді ұлғайттым.  
Сөйтіп, Төңірі жарылқады:  
Бағым болғандықтан,  
Сәті түскендіктен,  
**Өлімші** халықты тірілттім.  
Жалаңаш халықты **тонды**,  
Кедей халықты **қонды қылдым**.  
Аз халықты көп қылдым.  
Тату елге **жақсылық** қылдым.  
**Төрт бұрыштағы** халықты,  
Бәрін бейбіт қылдым,  
**Тату қылдым...**  
Төбеңнен Төңірі баспаса,  
Астыңнан жер айырылмаса,  
Түркі халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды?



*«Білге қаған–Тоныкөк» ескерткішінен*

**20. Полилог.** Тыңдалым мәтінінде айтылған «Қазіргі қоғамда Адамды ең жоғары құндылық ретінде тануға назар аударылып отыр» дегенді қалай түсінесің? Өзің жүрген ортада осы ұстаным қаншалықты сақталады деп ойлайсың? Пікір алмасыңдар.



**21. «Шығу парағын»** пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.




- 1) Бүгін не үйрендің?
- 2) Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- 3) Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



**1. «Сөзмоншақ».** Сынып үш топқа бірігіңдер. «Финалдық құндылықтар», «Құралдық құндылықтар» және «Туынды құндылықтар» деп жазылған қағаздың бірін жеребе тәртібімен таңдап алыңдар. Өр топ өзіне түскен құндылыққа қатысты мәтін құрап айтуы тиіс. Ең мазмұнды мәтін құрап айтқан топ жеңімпаз атанады.



**2.** Суреттегі тұлғаларды ата. Олардың жаратылыстану, математика ғылымдарының дамуына үлес қосқан қандай еңбектерін білесің? Өртүрлі дереккөздерді қолданып, олардың ғылыми еңбектері туралы шағын мәтін құрап жаз. Ғалымдардың ашқан жаңалықтары жалпы-адамзаттық құндылыққа жата ма? Ғылым құндылықтың қай түріне жатады?





**3. «Аквариум».** Өз қалауларың бойынша суреттегі бір ғалымның еңбегі жайлы модальдық диалог түрінде ой бөлісіңдер. Ғылым мен құндылықтардың сабақтастығын көрсету мақсатындағы диалогтерің қысқа да нұсқа (10–12 ұнқатымнан) болсын. Ең үздік диалог иелерін таңдаңдар. Ол үшін диалогті бағалау критерийлерін бірге ақылдасып, анықтап алыңдар.



**4. Мәтінді тыңдап, мазмұнын тезис түрінде жаз.**

### Есіңе сақта!

**Тезис** – мәтін абзацтарында баяндалған негізгі мәселелердің жинақталып, қысқаша тұжырымдалған жазба нұсқасы. Тезис саны мәтінде берілген негізгі ақпараттар санымен бірдей болады.

**Тезиске қойылатын талаптар:**

- 1) тақырыпқа сай болуы;
- 2) мәтіндегі ойдың қысқа және өзара логикалық байланыста жазылуы;
- 3) қысқа сөйлемдерден тұратын абзац түрінде жазылуы;
- 4) жоспарда мәселенің тек аты аталса, тезисте сол мәселенің шешімі ашылуы тиіс.



**5. Жазған тезистеріңе сүйеніп, мәтіннен түсінгеніңді өз сөзіңмен баянда.**



**6. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сызбаны толықтыр.**

Тірек сөз	Анықтаушы сөздер	Ойтужырым
ғаламдану		
соғыс		
мүмкіндік		
мәдениет		
дәстүр		
жаңашылдық		
құндылық		



**7. «Қайраткермен сұхбат».** Рөлдік ойын. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша 3–4 сұрақ жазыңдар. Сол сұрақтың негізінде бірің – журналист, бірің философ-ғалым ретінде шағын сұхбат құрыңдар.

## 8. Мәтінді оқы.

Әрбір тарихи нақты қоғамдық құрылым өзіне тән құндылықтар жиынтығымен ерекшеленеді. Бұл тұрғыдан алғанда Батыстың Шығыстан, қаланың даладан, көшпелі қоғамның отырықшы қоғамнан, сондай-ақ әрбір ұлттың өзіндік менталитетіне сай айырмашылықтары болады. Сол сияқты адамзаттың ерте кезеңінде бағаланған нәрселер мен қазіргі заман құндылықтарының арасында да айырмашылықтар бар. Қазіргі құндылықтар белгілі бір әлеуметтік-мәдени қауымның немесе халықаралық қауымдастықтың қандай да бір құндылықтарды насихаттауы барысында қалыптасады. Бүгінгі қоғамдағы жақсы, дұрыс деп есептелетін құндылықтар жүйесі жалпыадамзаттық деп қабылданған, алайда оның кейбірінде батыстық негіз бар екендігін ескеру қажет.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамгершілік, тұлғалық немесе кісілік құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері болды. Адам мен адамгершілік мәселелері қазақтың ақын-жырауларын да, би-шешендерін де, абыз-әулиелерін де, қараша халықтан бастап, ханға дейінгі ақсүйек игі жақсыларын да тегіс толғандырған. Батыстағыдай кәсіби философия болмаса да, қазақты тұмысынан философ халық деп бағалауға болады. Оның философиясындағы негізгі тақырып – адам философиясы, кісілік қалыптың өлшемі, не жақсы, не жаман төңірегіндегі этикалық мәселелер. Сондықтан қалт айтпайтын халық «жақсылардың кеудесі – алтын сандық», «білімді туған жақсылар аз да болса, көпшен тең», «жақсыменен өткізген бір күнім мың күніме татиды» деп жырлайды. Қазақтың кім екені оның философиясы мен дүниетанымынан, тілі мен дінінен, ділі мен дәстүрінен, мәдениеті мен өнерінен, күнделікті өмір қамы мен әдет-ғұрпынан, мінген аты мен тартқан домбырасынан көрінеді.

Бүгінгі біздің қоғамда ата-бабаларымыз берік ұстанған бұл кісілік құндылықтардың көмескілене бастағаны байқалады. Оны күнделікті отбасының тұрмысынан да, қоғам өмірінен де аңғарып жүрміз. Батыстық бұқаралық мәдениеттің тегеурінді ықпалы ғаламтордан да, теледидардан да, басқа ақпарат құралдарынан да қарқынды жүргізілуде. Әрине, поэзия мен ән-күй өнерінде қазақы қоңыр үн мен ырғақ, бояу мен нақыш сақталып отыр, оған да шүкір дейсің, әйтпесе дүниеге келген нәрестеге не тыңдатып, не көргізеріңді білмей дал боласың. Дегенмен жалаң еліктеушілік, «өзгенің асылын иемдену» басым. Оған тоғышарлық, көзбояушылық, науқаншылдық, ұраншылдық, әсіреқұмарлық, шенқұмарлық, даңғазалық, мақтаншақтық сияқты антиқұндылықтар қосылып отыр. Ол күнделікті тіршіліктен де, ғылым, әдебиет, өнер тәрізді «рухани» мәдениет салаларынан да анық байқалады.

*Б. Сатершинов*



**9.** Мәтіннен алынған сөйлемдегі сөздердің мағынасына парталасыңмен бірге түсінік бер.

Оған тоғышарлық, көзбаяушылық, науқаншылдық, ұраншылдық, әсіреқұмарлық, шенқұмарлық, даңғазалық, мақтаншақтық сияқты антиқұндылықтар қосылып отыр.



**10.** Мәтін мазмұнын тезис түрінде жаз. Мәтіннің стилін анықтап, сол стильге төн тілдік құралдарды тап. Ойыңды дәлелде.



**11. Салыстыр.** Мәтін авторының пікіріне сүйене отырып, құндылықтарды жіктеп, кестені толтыр. Құндылықтарды бір-бірімен салыстырып, ойыңды айт.

Құндылықтар					
Адамзаттық	Ұлттық	Дәстүрлі	Жаңа	Рухани	Материалдық



**12.** Төмендегі сөйлемде халқымыздың қандай ұлттық құндылығы жайлы айтылған? Өз ойыңмен бөліс.

Ағайын-туысқа бір өулеттің жалғасымыз деген ниетпен қарау, оған лайық жақындық жасап, ілтипат көрсете жүру, хал-жағдай сұрасып, қажет көмек көрсету, сөйтіп бауырластық сезімді нығайта беру – басты парызымыздың бірі.

*М. Кемел*



**13.** Мәтінді «Инсерт» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымға қайшы, керемар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.



**14.** Мәтін авторының «Бүгінгі қоғамдағы жақсы, дұрыс деп есептелетін құндылықтар жүйесін жалпыадамзаттық деп атау қабылданған» деген пікірін қалай түсінесің? Осы ойға қатысты өз көзқарасыңды айтып, пікір таластырыңдар.

## Тілдік бағдар

## Орфографиялық нормалар

**Орфография** (грекше *orfhos* – дұрыс, *grapho* – жазамын) – сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жүйесі және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы. Орфография дыбыстарды (фонемаларды) әріппен таңбалауды, сөздерді, оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал тәртібін белгілейді.

«Қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыруда, жұртшылықтың жазу мәдениетін көтеруде орфографиялық сөздіктің алатын орны ерекше. Сөздік тілдің ішкі құрылымындағы өзгерістер мен қоғамдағы әртүрлі жаңалықтарды көрсететіндей болуы шарт.

Тілдегі жаңалықтарды тудыратын себептер болады. Солардың бір алуаны:

– қоғамдық, өлеуметтік өмірдегі жаңа зат, құбылыс, оқиғаны атау қажеттілігінен: *құзырхат, ашықхат, затбелгі, ғаламтор, айқұлақ, көзқаман, дәрумен*;

– мазмұны, тұлғасы өзара жақын, бірақ білдіретін ұғымдарында азды-көпті айырма бар мағыналарды бөлек-бөлек атаудан: *көріктендіру – абаттандыру, залалсыздандыру – зарарсыздандыру, құзыреттілік – біліктілік; көрсетілім – тұсаукесер*;

– бірнеше сөзбен аталатын белгілі бір құбылысты бір сөзбен атау немесе тұлғалық жақтан ықшамдау үрдісінен: *үй тұтқыны – мырзақамақ, ғарыш айлағы – ғарышайлақ, іс парағы – іспарақ, ғарыш кемесі – ғарышкеме, мұз айдыны – мұзайдын т.б.*;

– кейбір терминдерді, өзге де атауларды ұлттық сананың оянуымен байланысты төлтума сөзбен қайыра атауды (реноминацияны) қажетсінуінен: *террорист – лаңкес, терроризм – лаңкестік, экстремист – содыр, экстремизм – содырлық, территория – аумақ т.б.*;

– ұлттың азаматтық тарихындағы ерекше оқиғаларды, соларға қатысты жайттарды арнайы мамандандырылған сөзбен атауды керексінгеннен: *оралман, желтоқсаншылар, ұлан, байрақ* т.б.;

– қоғамдық сананың бір түрі ретінде діни сананың жаңғыруына байланысты діни мазмұндағы сөздердің әлеуметтік мән алуынан: *ахлақ, аятолла, ифтар, мәзһаб, Бараат түні, Қадір түні, Миграж түні, инсан, нәпіл, жәһид, Мәуліт, намазжай* т.б. туындап отыр\*.

*Н. Уәли*



**15.** Мөңке бидің осыдан үш ғасыр бұрын айтқан толғауының үзіндісін оқы. Онда құндылықтың қандай түрлері туралы айтылғанын түсіндір. Құндылықтарды өзің көрнекі сызба түрінде бер немесе кестені толтыр. Би сөзінің шындығын қазіргі қоғамнан нақты мысалдармен дәлелде. Толғаудың ұнаған шумақтарын жаттап ал.

Азарсың, жұртым, азарсың,  
Азарыңның белгісі:  
Құрамалы, қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ  
Күн сайын бас қосқан жиын болады.  
Түймедей-түймедей дөрің болады,  
Ешкімге сөзі өтпейтін кәрің болады...

Ішіне шынтақ айналмайтын  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң, ауырып қалатын  
Бедірей деген қызың болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады...

Азарсың, жұртым, азарсың,  
Азарыңның белгісі:  
Жас баладан биің болар,  
Жас балшықтан үйің болар,  
Ат жақсысы арбада болар,



Жігіт жақсысы саудада болар.  
 Көлдің суы бітіп, табаны қалар,  
 Аттың жүйрігі кетіп, шабаны қалар.  
 Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,  
 Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар.  
 Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,  
 Сөйтіп, ақылы жоқ, санасыздың заманы болар...

Ертеңіне сенбейтін күнің болады.  
 Бетіңнен алып түсер інің болады.  
 Алашұбар тілің болады,  
 Дүдәмалдау дінің болады.  
 Әйелің базаршы болады,  
 Еркегің қазаншы болады...

«Алхам» білгенін молда дейді.  
 Бір-біріне қарыз бермейді.  
 Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.  
 Сарылып келіп тосады,  
 Құны жоқ қағазды судай шашады...

*«Бес ғасыр жырлайды» кітабынан*



**16.** Сынып оқушылары екі топқа бөлініп, «Тілдік бағдар» бойынша «Орфографияның қажеттілігі» тақырыбында 5 минуттық сұрақ-жауап ұйымдастырындар.



**17.** Орфографиялық сөздік бойынша төмендегі сөздерді парталасыңмен бірге тексер.


Тәрбиелі, адымы ғысқа, ақпалта, ала гүрең, алыш-шырақ, бөлгүш, ережелер жыйнағы, ылаңкес, теледйдар, ұлғыз, қазғатар, материалдық.



**18.** Толғаудағы «Ежірей деген ұлың болады», «Бедірей деген қызың болады» деген ойқазығы бойынша пікіріңді дәптеріңе 5–6 сөйлеммен жаз және оның заманауи өмір шындығымен сәйкесетінін немесе сәйкеспейтіндігін дәлелде.



**19.** «Ғаламдану кезеңінде құндылықтар өзгере ме?» тақырыбында ойкөкпар өткізіндер. Ақтаушы және даттаушы топ болып бөлініңдер. Ойкөкпарға сай топ ережесі белгіленсін. Тақырыпты белгіленген ережеге сай тамамдаған топ ойкөкпар жеңімпазы атанады.

 **20.** «Менің ортамның құндылықтар әлемі» тақырыбында өзің қалаған эссе түрін («келісу-келіспеу», дискуссивті, аргументативті) жаз. Эсседе тақырып бойынша берілген оқу материалдарынан дәйексөз алып қолдан.



**21. «Интервью».** Өзің қалаған адамнан қазіргі заманның құндылықтары мен антиқұндылықтары туралы сұхбат ал. Сұхбатты бейнетаспаға жазып, сыныпта көрсет.



 **22.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 5–6-сабақ

## ТІЛ – ҚҰНДЫЛЫҚ




**1.** Сұрақтарға жауап бер.

1) Тіл құндылық па?

2) Тіл құндылықтың қай түріне жатады? Неліктен?

3) Тілдің құндылық екенін білдіретін қандай қанатты сөздерді білесің? Оларды дәйексөз ретінде қолданып, ойыңды дәлелде.



 **2.** Тілдің жалпыадамзаттық, ұлттық және жекетұлғалық құндылық ретіндегі қызметі мен маңызын болжап, төмендегідей сызба түрінде жаз. Өз ойыңды айт.

Адамзат-  
тық

Ұлттық

Тұлғалық

3. Ғалымдардың пікірлерін оқып, онда қазақ тілінің қандай құндылықтық мәні туралы айтылғанын дәлелде. Пікірлердің ішінен қалаған біреуінің мағынасын өз ойыңмен сабақтастырып, таратып айт. Бес ғалымның пікіріндегі ортақ ойды өз сөзіңмен тұжырымдап жаз.



Зерттеушілердің барлығы да қазақ тілін бірауыздан ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды. Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері...

*П. Мелиоранский*

Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты...

*С. Малов*



Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл – жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет...

*А. Брем*

Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады. Олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады.

*В. Радлов*





Қазақтың ақыл-ойы қабілетінің зорлығына барған сайын менің көзім жетуде. Қандай әсем сөйлейді! Кез келгені айтайын дегенін тез түсіндіре алады. Қарсыласының сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. Дала Демосфендері мені сөзінің мазмұндылығымен және жігерлілігімен баурап алды.

*А. Янушкевич*



4. Қазақ тілі жайлы пікір білдірген шетел ғалымдары жөнінде әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинап, шағын постер жаса. Оны сыныпта түсіндір.



5. Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіндегі ойды тезис түрінде жаз.



6. Мәтіннің стилін анықта. Сол стильге төн тілдік ерекшеліктерді жіктеп айт.



7. Мәтін мазмұнын атасы мен немересінің арасындағы шағын диалог түрінде «өңдеп» жаз. Екі мәтінді салыстыр, айырмашылығын түсіндір.



8. Өзің оқитын басқа пән оқулықтарынан немесе бұқаралық ақпарат құралдарынан тіліміздегі жаңалықтарды дәлелдейтін мысалдарды дәптеріңе теріп жаз. Оны сынып алдында оқып бер.




9. Мәтінді оқы.


Қазіргі заманғы философия адам мен оның рухани шындығына басты назар аударып отыр. Тілді философиялық тұрғыдан қарастырудың күшеюі сондықтан. Осы мәселені зерттеп отырған философиялық бағыттарды екі топқа бөлуге болады: тілді М. Хайдеггер айтқандай, «болмыстың үйі» және В. фон Гумбольдт пайымдағандай, «рухтың қуаты» ретінде түсіну. Бір қызығы, тілді түсінудің осы екі типін де қазақ халқының сөз өнеріне қатысты айтқан даналық сөздерінен анық байқауға болады. Шынында да, кез келген адамның өзіндік болмысы немесе халықтың ұлттық болмысы оның тілі арқылы ашылады. «Тіл – болмыстың үйі. Тілдің мекенінде адам өмір кешеді. Ойшылдар мен ақындар – осы мекеннің сақшылары» (М. Хайдеггер). Тіл – адам рухының ең маңызды және ең жұмбақ жемісі, оны жануарлардан ерекшелендіретін басты қасиеті. Адам тіл арқылы ғана адам болып


қалыптасты, ол «тілсіз де адам болып қала беруі мүмкін еді, бірақ ондай тіршілік иелері бізге белгілі адамдарға және біздің өзімізге мүлдем ұқсас емес еді, себебі тіл – ұжымдық іс-әрекет пен жеке тәрбиенің керемет құралы, индивид немесе ру өздерінің туа біткен қабілеттерін онсыз дамытуға үміттен де алмайтын құрал». Тіл – халықтың біріктірілген рухани энергиясы, ол белгілі бір дыбыстарда тамаша түрде көрініс табады, дыбыстардың өзара байланысы арқылы сөйлеушілердің бәріне түсінікті және олардың бойында шамамен алғанда бірдей энергия туындатады. Тіл – жалпыадамзаттық әрі ұлттық құндылық. Жалпыадамзаттық болатын себебі: бүкіл адамзат өркениетінің негізін тіл құрайды; ұлттық құндылық деп аталу себебі: тіл болмаса, ұлт та болмайды. В. фон Гумбольдт «Тілдердің өзгешеліктері – халықтардың дүниеге көзқарастарының өзгешеліктерінде» деген болатын, яғни әр халық өзінің әлеуетіне байланысты дүниені өзінше бейнелейді. Тіл – адамды ғана емес, жалпы өркениетті қалыптастыратын және оны түсінуге көмектесетін кілт. Өткен дәуір мен қазіргі заманды, қазіргі кезең мен болашақты байланыстыратын да, адам ойын жеткізіп, қоғамдағы оқиғаларды бейнелейтін де, білімді жинақтайтын да – тіл. Ол – адамзаттың рухани дамуының ажырамас бөлшегі, сол себепті тіл арқылы мәдениеттің өркендеуінің әрбір сатысы туралы мол мағлұмат алуға болады. Тарихтағы мәдениеттің өте көне түрлерінен тек тілі ғана сақталған елдер туралы мысалдар соның айғағы. Бұл жағдайда тіл – рухани дамудың компоненті емес, соның негізін түгелімен алмастырушы. Осының өзі – тілдің қоғам дамуындағы аса зор маңызының дәлелі. Тіл өркениет пен мәдениетке тәуелсіз. Олар қаншама биік деңгейлеріне жеткенімен, халықтың асқақ рухынан күш алатын тілдің дамуына әсер етуге, оны өзгертуге дәрменсіз. Өзінің даму тарихында талай қиындықтарды басынан кешірген қазақ тілі бұл ойымызға жақсы дәлел. Тіл – рухани мәдениеттің ең басты бөлшегі. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, ойды жарыққа шығарудың құралы, адам дүниетанымының қалыптасуының негізі. Тіл – халықтың танымының, болмысының айнасы, ұлттың бірлігінің ұйытқысы, өмір сүруінің ең басты шарты, оның қауіпсіздігінің кепілі. Тіл арқылы ұрпақ жалғастығы жүзеге асады, салт-дәстүрі көрініс табады. Тіл – ата-бабалар қалдырған асыл аманат, оны көздің қарашығындай сақтап, өзінен кейінгіге жеткізу – әр ұрпақтың қасиетті борышы. Сонымен, тіл – ұлы құндылық. Тілсіз адам да, қоғам да, ұлт та, мемлекет те болмақ емес. Тілсіз тіршіліктің мәні де, сәні де жоқ. Тілсіз өркениет жоқ. Өркениетсіз адамзат баласының даму жолы баянсыз.



*«Тіл және интеллект» кітабынан*


 **10.** Мәтінді мазмұнына қарай жеке абзацтарға бөл. Өз ойыңды түсіндір.


 **11.** Мәтіндегі ойды тезис түрінде ықшамдап жаз.



 **12.** Мәтінге сүйеніп, диаграмманы толтыр.



  **13.** Мәтіндегі термин сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндірме сөздіктің көмегімен анықта. Олардың орфографиялық нормаларға сай жазылу ережесін түсіндір.

 **14.** Мәтіннен өзіңе ұнаған бір тұжырымды негізге алып, өз ойыңды шағын мәтін түрінде жаз.

 **15. Рөлдік ойын.** Мәтіндегі әр абзацқа айтылған ойды «дөңгелек үстел» басындағы әңгіме түрінде тіл білімі маманы, математик, философ, саясаткер ретінде сөз әдеби нормаларына сай этикеттік орамдарды қолданып айтыңдар.

  **16.** Ұлы Абайдың өлеңдерін оқып, өз түсінігіңді «Тіл – Дүниетаным – Тұлға» бірлігіне негіздеп айт.

Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз.

\* \* \*

Жүреkte қайрат болмаса,  
 Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
 Ақылға сәуле қонбаса,  
 Хайуанша жүріп күнелтпек.  
 Аспаса ақыл қайраттан,  
 Тереңге бармас үстірттер.  
 Малда да бар жан мен тән,  
 Ақыл, сезім болмаса,  
 Тіршіліктің несі сән,  
 Тереңге бет қоймаса...

*Абай*

- «Ақыл» сөзінің ақын қолданысындағы мәнін анықта.
- Ақын ауыспалы мағынада жұмсаған сөздерді тауып жаз. Олардың ойды көркемдеп берудегі рөлін түсіндір.



**17.** Өзіндік ізденіс, зерттеулерің арқылы бұқаралық ақпарат құралдарынан ақпараттар жинай келе, «Латын әліпбиі және орфографиялық норма» тақырыбында сынып оқушылары екі топқа бөлініп, шағын пікірталасу өткізіңдер.



**18.** «Мамандықтың барлық түрі қазақ тілімен байланысады» тақырыбында «келісу/келіспеу» эссесін жаз.



**19.** Не білдім? Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

## 7–8-сабақ

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



**1.** Суреттерге қарап, өнер түрлері, олардың ерекшеліктері туралы айт. Өнер мен құндылықтардың өзара байланысы жайлы өз көзқарасыңды білдір. Ұлттық өнеріміздің әр саласындағы танымал тұлғалар туралы пікір бөлісіңдер.



ӨНЕР  
ТҮРЛЕРІ





2. Мәтінді оқып, автордың ойын өз сөзіңмен жеткізіп айт. «Мәдениет – Құндылық – Өнер» бірлігіне назар аудар. Ғалымның пікірін дәйексөз ретінде қолдан.

«Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында «мәдениет әлемі» деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті».

*К. Биекенов*



3. Мәтінді тыңдай отырып, Димаш ұлттық өнерді насихаттаған жерлердің картасын сыз.




4. Мәтін бойынша Димаштың атынан өмірбаян мәтінін жаз.



5. **Жағдаят:** мектебіңе кездесуге келген Димаш Құдайбергеннен оқушылар атынан сұхбат алу саған жүктелді. Оған қоятын сұрақтарыңды жазып ал. Өзіңді неге дәл осы сұрақтар қызықтыратынын айт.



6. Д. Құдайбергеннің орындауындағы өзің ұнатқан ән мәтінінде қандай құндылықтар жайлы айтылатынын топта талдаңдар.



7. Мәтінді түсініп оқы.

Мәдениеттің қоғамдағы қарым-қатынастық қызметі мен міндетінің сан алуан қыры бар. Ал біздің өркениеттілігіміз жаппай компьютерге көшумен сипатталмай, мәдени диалогтің түрін жасап, оны сақтай білу қабілетімізден көрінуі керек. Тек жоғары деңгейде мәдениеті бар өркениет ғылым мен техниканың дамуындағы теріс салдарларды жоя алады. Егер біз ғылым арқылы шындықты ашсақ, өнер арқылы әсемдікке ұмтыламыз, ал құндылықтар арқылы жақсылық пен жамандықты айырамыз.

Адамдардың қарым-қатынасы, мәдениеттер сұхбаттасуы – әлеуметтік шындықтың көрінісі. Қазіргі құндылықтар белгілі бір әлеуметтік-мәдени қауымның немесе халықаралық қауымдастықтың қандай да бір құндылықты насихаттауы барысында қалыптасады. Онда адам ерекше қарым-қатынас өрісінде болады.


Руханилық пен ізгілік, әдемілік пен жақсылық тербелісі адамды нәзік тормен қоршаған; қоғамдық өмірде тек зат пен тауар ауысуы ғана емес, ең алдымен идеялар, мамандық, шеберлік тәжірибелерімен, сезімдік үлгілерімен ауысу толастамақ емес.



Мәдениеттің өзекті бөлігі – өнер. Әр халықтың шығармашылық рухынан туған сұлу дүниелерсіз, өнер әлемінсіз, қандай мәдениеттің болсын рухын сезіне алмаймыз. Өйткені өнер – мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі. Өнер – адамның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы. Осыған дейін қарастырылған анықтамалардан бір түйінді ой айтуға болады: мәдениет – адам әлемі. Мәдениет көріністерінде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі мен құндылықтары құралған.

Мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал. Әл-Фараби айтқандай, адам – мәдениетке құштар тіршілік иесі. Адам саналы әрекетінің арқасында өзінің мәдени деңгейін көтереді. Әрекеттену – жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктердің толассыз жасалуы нәтижесінде адамзаттың мәдени деңгейі көтеріледі. Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде адамның талап-мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерін атауға болады. Олардың қатарына мынадай адамдық қажеттіліктер жатқызылады: өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірден өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылыққа талпыныс, альтруизм, гумандылық және тағы басқалары.

Биік талғамға сай келетін өнер мен шынайы мәдениет жалпы-адамзаттық игілікке айналады. Ол жеке бір ұлттық құндылықтан адамзатқа ортақ ізгілікке ұласады. Мысалы, қазақтың қаршадай баласы Димаш Құдайбергenniң өнері осыған дәлел.


*С. Нұрсейітқызы*

 **9.** Мәтіннің соңғы абзацындағы «Ол жеке бір ұлттық құндылықтан адамзатқа ортақ ізгілікке ұласады» сөйлемін өз ойыңмен жалғастырып жаз.

  **10.** Мәтіннен термин сөздерді теріп жаз. Олардың жасалу жолы мен жазылу ережелерін түсіндір. Мәтіннің қай стильде жазылғанын дәлелдеп айт.


 **11.** Мәтіндегі тұжырымдық сипаты бар сөйлемдерді теріп жазып, олардың мағынасын түсіндір.




**Үлгі:** Мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал. Себебі мәдениетті тану, оны меңгеру адамның жан дүниесін жетілдіреді. Мәдениет құндылық ретінде тұлғаның бағалау қасиетін, талғамын дамытады.

 **12.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, ғалым мен оқушының арасындағы модальдық диалог мәтінін жаз.

 **13.** «Қос жазба күнделігі». Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырындар.

Мәтіндік бағыт	Түсінік
Жоғары деңгейде мәдениеті бар өркениет	
Мәдениеттер сұхбаттасуы	
Мәдениеттің өзекті бөлігі	
Мәдени әрекет	
Адамдық қажеттіліктер	
Адамзатқа ортақ ізгілік	

 **14.** «Өнерде жоқ шегара» тақырыбында ой бөлісіңдер. Өз пікіріңді дәлелдеу үшін әртүрлі ақпарат көздерінен өнер саласы мамандарының әлемге танымалдығын растайтын деректер мен мәліметтер келтіріңдер.

   **15.** Мағжан Жұмабаевтың өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын түсін. Ақын қолданған «от» сөзінің қандай құндылықтық мәні бар деп ойлайсың? Ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық рухтың арасында қандай байланыс бар? От құндылықтың қай түріне жатады деп санайсың? Өз пікіріңді дәлелдеп айт. Отқа қатысты мақал-мәтелдер мен тыйым сөздерді тауып жаз.

### От

Күннен туған баламын,  
 Жарқыраймын, жанамын.  
 Күнге ғана бағынам.  
 Өзім – Күнмін, өзім – от,  
 Сөзім, қысық көзімде от,  
 Өзіме-өзім табынам.  
 Жерде жалғыз төңірі – от.  
 Оттан басқа төңірі жоқ.

Мен де отпым – мен жанам.  
От – сен, төңірім, табынам.  
Әдемі отпен аспаның,  
Бәрі жасық басқаның.  
Жалын жұтам – тез тоям.  
Әулием, ием, құтыма,  
Теңсіз, төңірім, отыма  
Әлсін-әлсін май құям.

Май құямын – өрлейді.  
Құлашын көкке сермейді.  
Кейде жылан арбайтын,  
Кейде аждаһа жалмайтын.  
Сескенбес, сірә, кім сенен;  
Шынында, менің өзім де – от,  
Қысылған қара көзім де – от.  
Мен – оттанмын, от – менен,  
Жалынмын мен, жанамын.  
Оттан туған баламын.



16. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

## 9-сабақ

## НӘТИЖЕ САБАҚ



1. Жағдаят: «Құндылықтар және ұлттық тәрбие» тақырыбындағы бүгінгі тәрбие сағатында шағын баяндама жасау саған тапсырылды. Өз бетіңше ізденіп, баяндаманың жоспары мен пайдаланылатын әдебиеттер тізімін жаз.



2. «Қазіргі қоғамдағы құндылықтар» тақырыбында тұсаукесер дайындаңдар.

**Тұсаукесерге қойылатын талаптар:**

- көлемі 9–10 слайд немесе бейнеролик;
- ғылыми-көпшілік стильде болуы қажет;

- тұсаукесердің мазмұны тақырыбына сәйкес болуы тиіс;
- тұсаукесерде құндылықтарға қатысты нақыл сөздер, ақпараттар орынды кіріктірілуі тиіс.

**Бағалау критерийлері:**

- тұсаукесердің тартымдылығы, түсініктілігі;
- тілдік сауаттылығы;
- көрнекі сызба материалдардың талғаммен қолданылуы.

**3. Мәтінді оқып, барлығын біріктіретін ортақ құндылықты анықта. Пікіріңді дәлелде.**

Конфуций: «Тек адамсүйгіштік қасиет қана адамды басқаларды сыйлайтын, ешкімнің алдынан кесіп өтпейтін, шындықтан басқаға мойын бұрмайтын, батыл да байсалды, ілтипатты, достыққа берік, сөзге ұстамды, көмекке дайын етіп қалыптастыра алады. Өзің қаламайтын қылықтарды сен де басқаларға жасама».

Платон: «Мінсіз мемлекет жасаудың жолы – оқу, ал тәрбие ісінің басты міндеті – адамдарды ізгі ниетті, ержүрек, таза, өнерлі азаматқа айналдыру».

Аристотель: «Ең жақсы адам – ұлылық дәрежесіне жеткен кеңпейілді, қайырымды адам. Ол өзін мақтағанды, басқа біреулерді жамандағанды сүймейді, ол өзінің күштілігін әлсіздердің арасында көрсетпеге тырысады. Қайырымды, ақпейілді кісінің жүрісі жайлы, дауысы төмен, сөзі мазмұнды болуға тиіс».

Жүсіп Баласағұн: «Сөз қанша көркем, қанша сұлу болса да, әділеттіліктен ауытқыса, оның құны болмайды».

Махмұд Қашғари: «Әдеп басы – тіл, тәрбие басы – тіл».

Ахмед Иүгінеки: «Дүниенің, әлемнің сырын, құпиясын ашатын кілт – көкірегі ояу, көзі ашық, оқыған, білімді адамдардың қолында».

Әл-Фараби: «Адамның болмысы білім, мейірбандық, сұлулық секілді үш қасиетінің бірлігімен өлшенеді».

**4. Даналар пікірін негізге ала отырып, «Адам болам десеңіз» тақырыбындағы кластерді толтырыңдар.**



**5. «Ойшыл қалпақтар».** Тақырып: «Ұлттық құндылықтарды сақтау – парыз».

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Ұлттық құндылықтардың түрлері мен қажеттігі туралы айтады.	Ұлттық құндылықтарға қатысты қандай ақпараттар білесің?
	Ұлттық құндылықтарды сақтаудың артықшылығын айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Ұлттық құндылықтарды ажырата алмаудың кемшіліктерін айтады.	Ұлттық құндылықтарды білмеуден қандай қателіктер болуы мүмкін?
	Ұлттық құндылықтарды сақтаудың пайдасын айтады.	Оның тиімділігі неден көрінеді?
	Ұлттық құндылықтарды сақтауға өз эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылау және қорытындылау: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?



**6. «Шығу парағын»** пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- 1) «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет» тақырыбы бойынша не үйрендің?
- 2) Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
- 3) Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?).
- 4) Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
- 5) Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

## 2-БӨЛІМ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС

1–2-сабақ

### ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС ТАРИХЫ

?


1. Сұрақтарға жауап жаз.

- 1) Индустрия, индустрияландыру деген не?
- 2) Елдің дамуында индустрияның маңызы қандай?
- 3) Қазақстандағы тарихы терең қандай индустриялық өнеркәсіптерді білесің?
- 4) Жер байлығы құндылықтың қандай түріне жатады?





2. «Сен білесің бе?» Суретте қандай отандық өнімдер бейнеленген? Олар еліміздің қай өңірлерінде өндіріледі? Сызба бойынша өнім түрлері мен олардың ұлттық экономиканы дамытудағы рөлі туралы әңгімелесіңдер.




 3. Өртүрлі дереккөздерді пайдаланып, еңбек, жер байлығы туралы мақал-мәтел тауып жаз. Олардың мағынасын құндылықтармен сабақтастырып түсіндір.



 4. Мәтінді тыңда.

 5. Мәтін бойынша конспект жаз. Соңында кеңестік кезеңдегі отандық өндірістің дамуы туралы өз тұжырымыңды жаз.

 6. Рөлдік ойын. «Ардагермен әңгіме». Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақ дайындаңдар. Репрессия, жаппай қуғын-сүргін, колхоздастыру науқандарына қатысты өздерің білетін басқа да мәліметтермен толықтырып, еңбек ардагері мен оқушының диалогін құрыңдар.

 7. Мәтінді стильдік ерекшелігіне сай интонациямен оқы.

1928 жылдың 1 қазанынан шартты түрде басталатын бірінші бесжылдық жылдарында Қарсақбай, Риддер сияқты кәсіпорындар, Ембі мұнай өндірісі, Степняк алтын кені және т.б. қайта қалпына келтірілді. Өңдеу өнеркәсібінің Семей тері, кірпіш, Петропавл ет-комбинаты сияқты байырғы түрлері жөнделіп, қайта іске қосылды. Ал бес жылдың ішінде жаңадан салынғандары: Іле ағаш тілу, Балқаш мыс балқыту, Шымкент қорғасын, Ақтөбе фосфор тыңайтқыштары, Орал мен Алматыда еткомбинаттары, Гурьевте (қазіргі Атырау) балық консервілеу комбинаты, Мерке, Жамбыл және Талдықорғанда қант зауыттары ғана болды. Олардың өзі, негізінен, шағын аумақты қамтамасыз етуге бейімделген кәсіпорындар еді.




Кеңес үкіметінің басшылары да патша заманындағыдай Қазақстанға бай шикізат көзі ретінде қарады. Табиғат байлықтарының күрделі ошақтарын табу мақсатында бірінші бесжылдық жылдарында КСРО Ғылым академиясы кешенді ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Академик Н.С. Курнаков басшылық еткен Орталық Қазақстандағы геологтар мен геофизиктер тобы «Қазақстан Республикасы Кеңес Одағының тұтас металлогенді провинциясы болады» деген тұжырым жасады. Орал–Ембі аймағын зерттеген академик И.М. Губкин бастаған топ оның мұнайға аса бай екенін дәлелдеді. Кеңес үкіметі осы байлықтарды пайдалануға баса көңіл бөлді. Соның барысында соғыс басталғанға дейінгі кезеңде Қарағанды шахталары, Ембінің мұнай және Алтай мен Ащысай кәсіпорындары қайта жабдықтылып, Зырянов, Риддер полиметалл, Балқаш пен Жезқазған кен-металлургия комбинаттары салынды.

Қазақстандағы түсті металлургия өнеркәсіптің жетекші саласына айналдырылды. Бірақ олар негізінен руда күйінде қазып



алынған түсті металдарды өңдеумен айналысты. Тазартылып, өңделіп дайындалған түсті металл өнімдері шикізат ретінде орталықтағы ірі өнеркәсіп орындарына жөнелтіліп отырды. Мысалы, Орталық Қазақстан Оңтүстік Оралдың ірі кәсіпорындарын рудамен, металмен, көмірмен жабдықтады. Кенді Алтай өңірі Сібірдегі кәсіпорындарды қамтамасыздандырды. Ембі мұнайы Орск сияқты мұнай өңдейтін зауыттарға жіберілді. Балқаштың мысы мен Шымкенттің қорғасыны да Қазақстаннан тыс жерлерге тасып өкетілді. Жоғарыдан жүргізілген **индустрияландыру** негізінен шикізат көздерін игеруге және оларды Ресейге жіберіп отыруға бағытталды. Қазақстандағы зауыт-фабрикалар халық тұтынатын дайын өнімдер шығармады. Оларды Кеңес Одағының басқа аймақтарынан, Ресейден алып отыруға мәжбүр болды. Мәшине жасау, металлургия және қорғаныс өнеркәсіптері болмады. Энергетика базасы мен құрылыс материалдарын жасайтын өнеркәсіптер жетіспеді.

*Қазақстан тарихынан*

-  **8.** Мәтін мазмұны бойынша күрделі жоспар құр. Мәтіннің кіріспе және қорытынды бөлімдерін жаз.
-  **9.** 3 топқа бөлініп, абзацтардағы жалқы есімдер емлесіне мән беріңдер және мәтін абзацтарына тақырып қойыңдар.
-  **10.** Мәтінде айтылған ірі кәсіпорындар орналасқан облыс аймақтарын Қазақстанның картасынан көрсетіп, «Қазақстан индустриясының даму тарихы» тақырыбында интонацияның негізгі құрамдас бөліктерін сақтап, ауызша баяндама жаса.



-  **11.** Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің құрамына талдау жаса. Мәтіннен өзге де туынды сөздерді тауып айт.



**12.** Дереккөздерді пайдаланып, өзің тұратын аймақтағы 1928–1991 жылдардағы отандық индустрия дамуының хронологиялық кестесін жаса. Оны төмендегідей кесте түрінде жаз.

Өндіріс атауы	Ашылған жылы	Орналасқан жері	Қазіргі жағдайы



**13.** Бұл өнер туындысы қалай аталады? Суретте қандай тарихи оқиға көрініс тапқан? Ақпарат көздерінен оның авторы мен тарихи оқиғаға қатысты материалдарды тап.



**14.** Картинадағы көріністі сипаттап жаз. Суретшінің талғамы, шеберлігі жайлы ой бөлісіңдер. Оның құндылықтық мәні туралы айт. Туынды кейіпкерлерінің көңіл күйін оқиғаға қатыстырып сипатта. Интонацияның негізгі құрамдас бөліктерін сақта.



**15.** Суреттерден тарихи кезеңдерде отандық өнеркәсіпті дамытуға үлес қосқан ұлт қайраткерлерінің бірін таңдап, «Ұлттық индустрияны дамытуға еңбек сіңірген ұлы тұлғалар» тақырыбында ақпарат беретін фотоколлаж дайындаңдар. Оны сынып алдында қорғаңдар. Үш топ арасынан басым түскен топты «Фотоколлаж шебері» атаңдар.



Смағұл Сәдуақасов



Тұрар Рысқұлов



Қаныш Сәтбаев



16. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

### 3–4-сабақ

## ТЕМІРТАУ – ҚАЗАҚ МАГНИТКА-СЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ



1. Сұрақтарға жауап бер.

1) Мына суреттің тарихы жайлы не білесің?

2) Сурет кейіпкері қызмет жолын бастаған жер Қазақстанның қай аймағында орналасқан?

3) Онда қандай ірі кәсіпорындар бар?

4) Кәсіпорын мен ол тұрған қала атауының тарихы туралы не білесің?

5) «Шойынмен шыңдалған» дегенді қалай түсінесің?



2. Салыстыр. Өртүрлі ақпарат көздерінен Теміртау металлургия комбинатында еңбек жолын бастаған, сонда шыңдалған қазақтың танымал тұлғалары туралы мәлімет жина. Жиналған материалдардан өз қалауыңмен бір тұлғаның өмірбаянын түйіндеме түрінде жаз. Өмірбаян мен түйіндеменің құрылымдық-тілдік ерекшеліктерін айт.



**Есіңе сақта!****Түйіндеме**

**Түйіндеме** – белгілі бір қызметке тұру үшін жекетілген өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіби шеберлігі, біліктілігі жайлы қысқа да нұсқа мағлұмат беретін ісқағаздың бір түрі.

Түйіндеме визит карточкасы іспетті. Түйіндеме жазудағы мақсат: үміткердің өз өмірбаяны мен жұмыс тәжірибесін, жекебас қабілеттерін ұтымды көрсету арқылы таңдаған қызметіне қол жеткізу. Түйіндеменің сауатты рәсімделуіне де көңіл бөлу керек. Түйіндемеде мәліметтер ықшам әрі нақты берілуі тиіс.

Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық ерекшелігі – үміткердің еңбек өтілі туралы мәліметтердің кері хронологиялық тәртіпте берілуі.

**Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:**

- құжаттың аты;
- үміткердің аты-жөні;
- туған жылы, күні, айы, туған жері;
- ұлты;
- жынысы;
- мекенжайы;
- байланыс телефондары;
- отбасы жағдайы;
- азаматтығы;
- білімі; бітірген оқу орындары;
- үміттеніп отырған орны;
- кәсіби біліктілігі мен тәжірибесі;
- тілдік дағдылары;
- компьютерлік сауаттылығы;
- жеке қасиеттері (үміттеніп отырған қызмет орнына бе-йімділігін ашатындай болуы тиіс);
- қызығушылығы;
- қосымша ақпараттар (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар, патенттер т.б.).

Барлық деректер табуляторлық нөлдік деңгейінен басталып, азатжолсыз жазылады, бірақ әр дерек жаңа жолдан басталады. Құжаттың соңына жазылған күні көрсетіліп, толтырушының қолы қойылады.



3. Мәтінді тыңда.



4. Мәтіннің әр абзатына тақырып қойып, ондағы тірек сөздерді жаз. Соның негізінде мәтінге ат қой.



5. Тыңдалым мәтіндегі күрделі сөздерді төмендегі кесте бойынша топтап жаз. Олардың жасалу тәсілдерін талда.

№	Қос сөздер	Біріккен сөздер	Қысқарған сөздер	Тіркесті сөздер
1				
2				



6. Мәтін мазмұны бойынша парталасыңмен диалог құрыңдар.



7. Мәтінді оқы.

### Теміртау – көшбасшылар ұстаханасы

1960 жылдың 3 шілдесі Қазақстан Магниткасының туған күні деп есептеледі. Дәл осы күні №1 домна пешінің науасынан тұңғыш қазақстандық шойын селі тасқындап, Теміртаудың жаңа тарихының беттері жазылды. Айтулы оқиғаға байланысты өткен салтанатқа Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаев қатысып, теміртаулықтарды тамаша еңбек табысымен құттықтады. Алғашқы шойын алу вахтасына жас металлург, болашақ Елбасы Н.Ә. Назарбаев та тұрды. Ол №1 домна пешінің шойыншысы еді. 1958 жылы Днепродзержинск қаласындағы техникалық училищеде өзімен бірге барған 70 шақты қазақ жастарымен бірге Днепр металлургия зауытында тағылымдамадан өткен. Басына киіз қалпақ киіп, күлімдеп тұрған және бір топ домнашылармен түскен тарихи суреттер Н.Ә. Назарбаев домна цехының горновойы болып жүргенде түсірілген. Еңбек жолын қарапайым металлургтен бастаған Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан Магниткасының от-жалынды цехтарында құрыштай шыңдалды, өндірістік және қайраткерлік жолдан өтті. Ол кейін ағынан жарыла: «Теміртау мен үшін – алтын бесік. Магнитканың тарихы, Теміртаудың тарихы, оның адамдарының тағдыры менің тағдырыммен ажыратылмас. Егер менің өмірімде Магнитка мен Теміртау болмаса, мен ешқашан Президент болмас едім», – деп жазды.

1945 жылы қазанда Самарқан поселкесі Теміртау деп қайта аталып, қала мәртебесіне ие болды. Теміртау атауының қалай пайда болғаны туралы белгілі қоғам қайраткері Нұртас

Оңдасыновтың естелігінде айтылады. Ол 1945 жылы КСРО Ауыр өнеркәсіп министрі И.Ф. Тевосянға барғанда, ол болашақ қалаға ат қою қажет екенін айтады. «Ол менен «металл» деген сөздің қазақшасы қалай екенін сұрады. Мен «темір» деп жауап бердім. Тевосян «темір» деген сөзді өзінше бір-екі рет қайталап алды да: «Міне, жаңа қаланың аты осылайша жаңалық білдіргені жөн», – деп қуанып кетті. Оның ойынша, қаланың аты Темір болуға тиіс. Бірақ маған темір болғанда жай темір емес, бүкіл қазақтың бақыты, молшылықтың, игіліктің тау-тау темірлері деген ой келіп қалды. Сөйттім де, «Теміртау» деп атайық», – деген ұсыныс жасадым және де «тау» деген сөздің символдық мәнін түсіндірдім. Тевосян қуанып кетті. Сөйтіп, Теміртаудың темірі Тевосяндікі де, тауы менікі болғанына осы уақытқа дейін қуанамын...» («Тұғыры биік Теміртау» кітабынан). Алматыға келгеннен кейін осы ұсыныс бекіп, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы қазан айындағы Жарлығымен Самарқан поселкесіне қала мәртебесі беріліп, Теміртау деп аталды. Сөйтіп, Жауыртау жайлауы тау-тау темір өндіретін Теміртауға айналды.

Халқымыз жаңа металлургия алыбын Қазақстан Магниткасы деп атады. Бұл атау халыққа ұнады. Өйткені сонау аш-жалаңаш, ашаршылық жылдары мыңдаған қазақтар Орал Магниткасының құрылысында болып, нәпақасын сондағы жұмыстан тауып, аман қалған еді. Болашақ металлургия өндірісіне тұрғылықты халық – қазақтар арасынан маман кадрлар даярлау қажет болды. Қарағанды тау-кен институты кеңейтіліп, политехникалық институтқа айналды. Оның жанынан металлургия факультеті ашылып, ол кейін Теміртау зауыт-жоғары техникалық оқу орны ретінде енші алып, бөлініп шықты. Мәскеудің іргелі оқу орындарын бітірген білікті мамандар Асқар Қонаев (Қазақ металлургия зауытының смена бастығы, кейін академик), Едіге Түркебаев (Қарағанды металлургия зауытының 60-жылдардағы бас инженері, кейін белгілі экономист-ғалым), Махмуд Ақбиев (еңбек жолын ескі зауытта бастап, Қарметкомбинаттың 80-жылдардағы бас директоры болған) және т.б. Қазақстан қара металлургиясын дамытуға үлес қосқандардың алдыңғы қатарында болды.

Соғыстан кейінгі жылдары да Самарқан жасанды суқоймасының жағасында толық циклді зауыт салу идеясы жалғасын тапты. 1948 жылдың қазан айының өзінде болашақ өндіріс алыбының құрылыс алаңы таңдап алынды. Оны анықтауға академик Қ. Сәтбаев бастаған ғалымдар қатысты. 1957 жылдың 3 желтоқсанында Қарағанды металлургия зауыты тұңғыш домна пешінің іргетасын орнату салтанаты болып өтті. Комсомол съезі жаңа зауытты Бүкілодақтық екпінді құрылыс деп жариялады.

Теміртауға арман құған мыңдаған жастар ағылды. 1957 жылы 9 мың адам жұмыс істесе, 1958 жылы олардың саны 17 мыңнан асты, солардың 70 пайызы жастар еді. Жүрек қалауымен алып құрылысқа келген жастар арасында болашақ Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев та болды.

*inform.kz сайтынан*



**8. «Жүйеге келтір».** Әр абзацқа тақырып қой. Сол бойынша әдейі араластырылып берілген мәтіннің құрылымдық жүйесін сызба түрінде ретке келтір. Өз ойыңды дәлелде.



**9. «Бөлшекте, жинақта!»** Сынып оқушылары үш топқа бірігеді. Әр топтағы оқушылар №1, №2, №3 деп белгіленеді. 1-кезеңде топтағы оқушылар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде әр топтағы оқушылар нөмірлеріне сәйкес топ болып бірігеді. Олар өздері оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері қайта өз орындарына барады да, жалпы мәтін мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларын жинақтайды. 4-кезеңде әр топ өз жұмыстарын сынып алдында қорғайды.



**10. «Отты өзен» және «Теміртау»** деген екі бөлімнен тұратын «Елбасы жолы» атты киноэпопеяны көр. Ондағы тарихи оқиғалар, Теміртаудың өндіріс орны ретіндегі даму жолы туралы мәліметтерді жазып ал. XX ғасырдағы жастар мен олардың құндылықтары туралы ой бөлісіңдер.





**11.** Мәтіндегі ойды парталасыңмен бірге талда және ең негізгі ой өзегі деп тапқан сөйлемді дәптеріңе жаз. Мәтінді мазмұнына сай мәнгермен оқы.

– Екі ай уақытыңды пайдасыз бос өткізгенсің. Емтихан тапсыру үшін оқыған сабақ білім боп бойға сіңбейді. Философиямен шындап айналысқың келсе, оқу бағдарламасын жиып қойып, өзіңше кірісу қажет. Әрине, кейін, уақыт тапқанда. Ал қазір... қазір алдыңда басқа мақсат тұр. – Профессор тағы да үнсіз ойланып қалды. – Жастың аты – жас, – деді жанары қашқан көздерін әлдеқайда қадап отырып. – Бойдағы қайрат кемерінен асып төгіліп жатқан шақ. Бірақ оның да ортаяр, сарқылар күні туады. Қазірден бастап ақылыңды, күшіңді орнымен жұмсауға үйрен. Неге жымиясың, Абай айтқандай, «Артқа қарап, ақылсыз шалға күліп» отырған жоқсың ба?

*М. Мағауин*



**12.** Мәтінді мазмұнына сай мәнгермен оқы.

### Парыз

Парыз – бұл орындалуға тиіс міндет пен әрекет. Парыз алға қойылған міндеттен туады. Міндет адамға парыз бен жауапкершілікті жүктейді. Егер бізді қоршаған табиғат пен жануарлар әлеміне тіл біткен болса, онда олар бар дауыспен: «Адамның қолына қыруар билік берілген, одан көбірек сұрағын, жаратушым!» – деген болар еді.

Парыз дегеніміз – өзінің мағыналық аясына ақыл, сезім, ерік, абырой, ар-ұждан, әділдік, шындық, махаббат т.б. мәселелерді қамтып, оларға адам қызметі аясындағы қайшы құбылыстарды қарама-қарсы қоятын ең **жоғары** интеллектуалдық ұғым.

Өз парызын саналы түрде түсіну ғана әр адамды бәрінен де жоғары қояды, оның мәртебесін көтере түсіп, жаман ниетті қылықтардан, қорқақтық пен **опасыздықтан** сақтандырады.

Парызды саналы түрде түсіну ғана жеңістерге серпін береді, ерлік адам бойындағы қуатты тасқындатып, шығармашылық **күш** қайнарын ашады.

*«Жұлдыз» журналынан*



- Мәтін мазмұнына сүйеніп, «Адамдық және мамандық парызым» тақырыбында жай жоспар құр, сол жоспарды басшылыққа ала отырып ой толғаңдар.

- Ойтолғаулардың негізінде бір тұжырым жаз.
- Қарамен жазылған сөздердің синонимдерін тап.

**Сипаттау** – адамды, затты немесе қоршаған ортадағы белгілі бір құбылысқа тән белгілерді санамалай отырып, сөзбен бейнелеп көрсететін тілдік тәсіл. Сипаттаудың мақсаты – оқырманның я тыңдарманның көз алдына бір нысанды тұтас қалпында елестету үшін сол нәрсеге қатысты белгілерді жан-жақты ашып көрсету.

Мысалы, адамның сыртқы келбетін сипаттау жүйесі:





13. «Ең үздік шығарма». Өзің еліктейтін адам туралы «Мен үлгі тұтатын тұлға» тақырыбында көркемдегіш құралдарды (троптар, фразеологизмдер, фигуралар) қолданып, сипаттамалық мәтін жаз. Мәтінде тұлғаның адами болмысы, кісілік қасиеттері мен іскерлік қабілеттері, сыртқы бейнесі де ескерілсін. Өздерің белгілеген бағалау критерийлері арқылы ең үздік шығарма иесін анықтаңдар.



14. Парталасыңмен бірге графикалық мәтінді толтыр.



15. Төмендегі кесте бойынша досыңның жеке қасиеттерін сипаттап жаз.



16. «Менің түйіндеме». Осыдан 20 жылдан кейінгі кезеңді болжа. Сол кезде өзің қалаған қызметке орналасу үшін ұсынатын түйіндеменді жаз.



17. Сабақта алған әсеріңді, ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.  
**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.  
**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.  
**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 5–6-сабақ

ЗАМАНАУИ ИНДУСТРИЯ: ҰЛТТЫҚ  
ӨНДІРІС ЖЕТІСТІКТЕРІ

1. Суреттің индустрияландырумен қандай байланысы бар? Ақпарат көздерінен бұл белгінің тарихы, қоғамдағы маңызы туралы мағлұматтар жинап, өз ойыңды таратып айт.



2. Ғаламтор материалдарынан ұлттық брендке айналған отандық тауарларды анықта. Олардың бірі туралы «Қазақстандық бренд» тақырыбында жарнама мәтінін жаз.



3. Мәтінді тыңда.



4. Мәтіндегі нанотехнологияларға қатысты ақпараттарды конспект түрінде жаз. Терминдердің мағынасын анықта.



5. Мәтін мазмұны бойынша нанотехнологиялардың болашақ отандық өндіріске әкелетін пайдасы туралы диалог құрыңдар.



6. Мәтінді оқып, тезис жаз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміз әлемнің 30 бәсекеге қабілетті елдер қатарынан табылуы үшін қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерін алға жылжытып, өзіміздің бәсекеге қабілетті инновациялық технологияларымызды құру қажеттігін ашып көрсетті. Бұл жерде ғылымда жаңа бағыттар ашу емес, керісінше, бар бағыттарды нәтижеге жететіндей етіп азайту, яғни экономикамызға жақын арада мақсатты нәтиже беретін бетбұрыс алу керек.

Нанотехнологияның даму тарихына көз жүгіртсек, XIX ғасырда Левенгуктың микроскобынан кейін адамдардың жаратылыстану ғылымын салаларға: физика, астрономия, химия және биологияға бөлу процесі аяқталды. XX ғасырда, әсіресе 1931 жылы электрондық микроскоп ойлап табылған соң, ғылымды материяға терең ену деңгейіне қарай интенсивті бөлшектеу басталды. Мәселен, физика: молекулярлық, атомдық, ядролық, кванттық болып бөлінді.

Химия мен биология да дәл осындай өзгеріске ұшырады: атомдық химия, молекулярлық және микробиология, генетика және т.б. пайда болды. Сонымен бірге жаңа салалар интеграциясы да қатар дамыды. Мәселен, химия мен биологияның, биологияның химиямен, физикамен тоғысында жаңа пәндер дамыды. Оған бионика, кванттық химия және т.б. жатқызуға болады.

XX ғасыр ортасында бұған технологияның жетілуіне бағытталған ірі бизнес қосылды. Bell фирмасы зертханасында жаңа ақпараттық дәуір көзі – алғашқы транзистор құрастырылды. IBM фирмасының зертханасында зондтар көмегімен жеке атомдарды орнын ауыстыра отырып, жаңа қасиеттері бар керемет материалдарды құрастыруға мүмкіндік берген магниттік зондтық микроскоптар сериясы жасалды. Бұл екі жаңалық ғылым мен технологияға «нано» деген тіркес беріп, наноғылым мен нанотехнологияларды дүниеге әкелді. 2005 жылы IBM зертханасы қызметкерлері жекелеген атомдарды көруге және жекелеген электрондарды басқаруға мүмкіндік беретін жаңа микроскоп түрін жасап шығарды.



7. Мәтіннің екінші абзацының мазмұны бойынша кестені парталасыңмен бірге 3 минутта толтырып, басқа жұптармен алмастырыңдар.

Интенсивті бөлшектеу							
Физика				Химия-биология			
молекулярлық				атомдық			



8. Мәтіндегі ақпаратқа сүйеніп, жаратылыстану ғылымдарының интеграциясын көрсететін сызба жаса. Оны сынып алдында түсіндір.

**9. Жағдаят:** сен телеарналардың біріне дикторлыққа жарияланған кастингке қатысуға келдің. Мәтінді стильдік сипатына төн мақаммен оқу талап етілді. Мәтінді оқы. Сынып оқушылары ең үздік үміткерді таңдасын.

«Бүгін елордада сапа саласындағы жетістіктері үшін «Алтын сапа» Президент сыйлығымен марапаттау салтанаты, «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-байқауы, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауының жеңімпаздарын марапаттау және Индустрияландыру күні аясында телекөпір өтеді», – деп хабарлайды BNews.kz.

Биыл «Алтын сапа» Президент сыйлығына 100-ден астам кәсіпорын үміткер болды. Бұл сыйлық дәстүрлі түрде үш санат бойынша үш аталыммен беріледі: жеңімпаздар «Сапа көшбасшысы», «Ең үздік индустриалдық жоба», «Ең үздік инновациялық жоба» негізгі аталымдары бойынша және алғаш рет «Азық-түлік немесе ауылшаруашылығы тауарларын өндіретін ең үздік кәсіпорын» аталымы бойынша анықталады.

«Алтын сапа» байқауының мақсаты – кәсіпорындар мен ұйымдардың отандық өнім сапасын арттыру бойынша жұмысын белсендіру, Қазақстан нарығында бәсекеге қабілетті өнімнің артуына ықпал ету, сонымен қатар халық арасында сапа идеясын насихаттау.

*BNews.kz сайтынан*



**10. Жағдаят:** бүгін – Индустрияландыру күні. Өзің тұратын өлкедегі отандық өндірісте үлкен жетістіктерге жеткен танымал кәсіпкерге құттықтау папкасын дайындау саған тапсырылды.

Құттықтау хатта кәсіпкердің отандық индустрия саласын дамытудағы еңбектерін, басты жетістіктерін және әлеуметтік салаларға демеуші ретіндегі үлесін атап көрсет. Танымал тұлғаның жас ұрпаққа берген тағылымдық өнегесіне алғыс білдір. Оған жерлестері мен болашақ ізбасарларының атынан тілек айт.



**ЖАҢА**  
ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ



**11. Жалғастыр.** Ақпаратты оқы. Өртүрлі дереккөздерден 2016 жылы «Ұлы дала елі» брендин жеңіп алған отандық

компаниялар туралы мәліметтерді тауып, мәтінді әрі қарай жалғастырып жаз.



«Ұлы дала елі» негізгі брендін пайдалану құқығын беруді ұйғару үшін байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Отандық компаниялар Қазақстан брендін жақын және алыс шетелдерде кеңінен насихаттау мақсатында негізгі брендті пайдалану құқығын иеленеді. «Ұлы дала елі» негізгі брендті отандық үздік компанияларға – еліміздің үздік экспортерлері ретінде ірі, орта және шағын бизнес өкілдеріне жыл сайын табысталады. Осылайша, «Ұлы дала елі» бірыңғай брендті мен ең үздік қазақстандық өнімдер мен қызметтер біріктіріледі, ал эмблема еліміздің «бет-бейнесіне» айналып, Қазақстанның халықаралық аренадағы имиджі мен танымалдылығын арттырады және «Ұлы дала елі» өнімдерінің жоғары сапасын паш ететін болады...



**12. Рөлдік ойын:** «Біздің ұлттық компаниямыз». Қазақстандағы үздік ұлттық өндіріс жайлы ақпарат жинаңдар. Сол өндіріс иелері ретінде әріптесің екеуің тұсаукесер жасаңдар.

**13. Сабақта өткен материалдарды «Инсерт» оқыту стратегиясы бойынша талда.** Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

## 7-сабақ

## НӘТИЖЕ САБАҚ

?



1. «Индустрияландыру» сөзін тірек ретінде алып, Қазақстандағы озық өндірістер жайлы сөзжұмбақ құра.



2. Төмендегі ақпаратты оқып, тілдің өркениетті қоғамның дамуындағы орны жөнінде өз пікірлеріңді диалог түрінде жеткізіңдер.

1. Әлемдегі іскерлік бәсекелестік ерекше дамыған ел Америка Құрама Штаттарында жылына 50000-ға жуық таласты жиын өтіп тұрады екен. Онда әр фирма дерлік өзінің мәселелерін көпшілік алдында талқылап, өзінің болашақта өмір сүруінің қажеттігін дәлелдеп, демеушілерін табады. Өз қызметтері жөнінде жарнамалық мағлұматтар таратады...

*«Жас Алаш» газетінен*

2. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңын ала бере адамзатты дүр сілкіндірген қасірет – Хиросима, Нагасакидегі апаттардан кейінгі ауыр жылдарда аядай ғана Жапонияда 170-ке жуық тіл институттары жұмыс істепті. Оның жартысынан астамы дәл осы ауыртпалық арқаға батып тұрған жылдарда ашылған. Көп уақыт өтпей-ақ Жапония дамыған елдер қатарына кірген.

*«Ана тілі» газетінен*



3. «Ұлттық индустрияны өркендетуге қандай үлес қосамын?» тақырыбында эссе жаз. Жазған жұмыстарыңды бір-біріңмен алмасыңдар. Өзіңе берілген эссені бағала. Эссенің мазмұндық сипатына, құрылымдық жүйесінің дұрыстығына, тілінің шұрайлылығына, орфографиялық нормаларының сақталуына көңіл бөл.



4. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1) «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс» тақырыбы бойынша не үйрендің?

2) Сен үшін қандай маңызды мәліметтер болды?

### 3-БӨЛІМ

## АДАМЗАТ ДАМУЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1–2-сабақ

АДАМЗАТ ДАМУЫ  
ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК САЯСАТ



1. Сұрақтарға жауап бер.

1) Саясат деген не? Ішкі және сыртқы саясат дегенді қалай түсінесің?

2) «Әлемдік саясат» ұғымына не кіреді? Саясаттың әлемдік деңгейге көтерілуінің себебі не?

3) Әлемдік саясат пен жаһандық мәселелердің арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

2. Суреттерге қарап, қазіргі заманда адамзат баласының алдында тұрған ғаламдық мәселелер туралы шағын мәтін құрап жаз. Оны оқушыларға оқып бер.







3. Мәтінді тыңда.
4. Тыңдалым мәтінінің мазмұны бойынша 5 сұрақ жаз.
5. Мәтіндегі тірек сөздерді жаз. Оларды қатыстырып, мәтін құрап айт.
6. Тыңдалым мәтініндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.

№	Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
1	Жер тұрғындары өзара жауласу, текетірес, күш көрсету қауіпті екендігін терең түсіне бастады.		
2	Әлемдік саясат жеке мемлекеттердің саясатының жиынтығынан құралады.		
3	Әлемдік саясатта дамыған елдердің ықпалы күшті болады.		
4	Жаһандық мәселелер жекелеген мемлекеттік шеғара көлемінде шешілмейді.		
5	Өзара тәуелді байланыстар ғана саяси қатынастардың бейбітшілік жолмен дамуын қамтамасыз етеді.		

## Тілдік бағдар

### Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас аясындағы сөз әдебі

Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас аясындағы сөз бейресми ортада адамдардың бір-бірімен еркін сөйлесу, пікір алысу әдебін сақтауды талап етеді. Ол күнделікті қарапайым тілдесімнен бастап, танымал тұлғалардың қоғамдағы, өз ортасындағы атқарған ісін дәріптеу, мадақтау, оның сіңірген еңбегін бағалау арқылы тағылымды ой тастау үшін айтылатын мадақсөздерді де қамтиды. Заман талабына сай айтылатын әлеуметтік-

тұрмыстық шешендік сөздер: мүшелтойға, мерейтойға қатысты жиындарда, баспасөзде, ақпарат құралдарында айтылатын мадақ сөздер, ұлттық дәстүрге сай бата беру, көңіл сұрау, көңіл айту, естірту де әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің түріне жатады.

Әлеуметтік-тұрмыстық сөзге ауызекі сөйлеу стиліне, публицистикалық стильге лайық белгілермен қатар, көркем-әдеби стиліне сай көркемдік, сөз айшықтығы, биік пафос, мөлдір романтика, шынайы шындық тән. Әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің озық үлгілері шешендік арнауларда, шешендік жоқтау сөздерде ерекше дараланып көрінеді. Оларда құрғақ мадақ емес, дәлелді, дәйекті сөз дәні мол болады.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздерде қолданылатын тілдік құралдар: афоризмдер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, оқшау сөздер, ажарлау, айшықтау, шешендік фигуралар: риторикалық сұрау, риторикалық қайталау т.б. Онда эмоциялық-экспрессивтік мәндегі сөздер де орынды қолданылса, дұрыс болады.

**7.** Мәтіндерді оқы. Екі пікірдегі ойды жымдастырып, сөз әдебіне қатысты бір диаграмма жаса.

I. Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады, әкең қапа болады (*Бөлтірік шешен*).

II. Сөз әдебінің коммуникативтік (қарым-қатынастық), фатикалық (байланыс «орнату»), апеллятивтік (тыңдаушының назарын аудару), коннотативтік (қосымша мағына), эмотивтік (тыңдаушының көңілін аулау) т.б. қызметтері бар. Сөз әдебінің талаптарына сәйкес тіл пікір алысу құралы ретінде адамның тек ойын ғана емес, сезімін де білдіреді. Сөйлеудегі ізет, құрмет, сыпайыгершілік кісінің сезіміне әсер етеді. Олар сөйлеу актілерінде (амандасу, қоштасу, ризалық білдіру, көшірім сұрау, құттықтау т.б.) көрініс тауып, адамның ішкі мәдениетін танытады (*Н. Уәли*).

**8.** Тыңдалған мәтін мазмұнына сүйене отырып, досыңа хат жаз. Хатта өзіңнің қазіргі замандағы жаһандық жағдайларға алаңдаушылық білдіретініңді жеткіз. Досыңа өзіңді толғандыратын сұрақтарды қой. Хат әлеуметтік-тұрмыстық сөз әдебі талаптарына сай болсын. Хат көлемі: 180–200 сөз.

## 9. Мәтінді оқы.

Әлемдік немесе халықаралық саясат – халықаралық қатынастардың негізгі **субъектілерінің** бірлескен саяси қызметі. Әлемдік қауымдастық бірігіп жасаған заңды органдар мен ұйымдардың қызметі арқылы әлемдік саясат іске асады. Әлем мемлекеттерінің өзара қарым-қатынас жасауының **үстанымдары** мен жолдарын анықтайтын әлемдік саясат – халықаралық қатынастарды реттеудегі шешуші **фактор**.

Әлемдік саясат – әлем халықтарының гуманитарлық, ізгілікті ойлауының ортақ жетістігі. **Техногендік**, экологиялық мазмұндағы әлемдік қауіптер ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана маңызды болды. Ал одан бұрын ХІХ ғасырдың аяқ кезі мен ХХІ ғасырдың басында негізгі жаһандық қауіп әлемдік соғыстар қауіпі болатын. Мемлекеттер өзара қайшылықтарын түрлі соғыстармен шешіп келді. Әлем тарихында мыңдаған соғыстар белгілі. Соның ең ауыры 1914–1918 жылдардағы Бірінші және 1939–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс болатын. Екі дүниежүзілік соғыста 100 миллионнан астам адам шейіт болды. Сондықтан әлем халықтары мемлекеттер арасында бейбітшілікті сақтау қажеттілігін сезінді. Әлемдік саясат соғыс және бейбітшілік мәселесін әлем мемлекеттерінің ортақтасып шешуімен басталады деп есептеуге болады.

Әлемдегі бейбітшілікті сақтау үшін дамыған мемлекеттер адамды және оның құқықтарын қорғауды міндет деп таниды. Осының негізінде әлем мемлекеттерінің озық елдері құқықтық мемлекет және қоғамдық өмірді демократияландыру үдерісін бастады. Адам мәселесі өркениетті мемлекеттерді бір ортаға жинақтайтын, өзара **консенсусқа**, түсіністікке жетелейтін іргелі, өзекті мәселеге айналды. Өркениетті мемлекеттердің ықпалымен әлем халықтары адам құқықтарын қорғайтын саяси билік жүйелерін қалыптастыра бастады. Әлемдік ортақ мәселелерді шешу ғасырларға созылған әлемдік ізгілікті, **әділетті тәртіптер** орнатуға деген әлем халықтарының құлшынысының негізінде қалыптасады. Ал әр елдегі адам мәселесін және оның құқықтарын қорғау үшін жаһандық мәселелерді шешіп, жаһандық қауіптермен күресу қажет болды.

Адамзаттық тағдыр ортақтастығы мәселесі барлық халықтар мойындайтын бірінші басымдылыққа айналды. Әлем мемлекеттері ортақ азаматтық мәселелерді бірлескен күшпен шешпейінше, тұрақты даму болмайтындығын түсінетін дәрежеге жетті. ХХІ ғасырда жаһандық мәселелердің күрделене түсуі әлем мемлекеттерінің әлемдік саясатпен айналысуға деген **зәрулігін** тіптен күшейтіп жіберді.

*«Саясаттану» кітабынан*

**10.** Мәтіннің соңғы абзацына тақырып қой. Әр мемлекеттің әлемдік саясатпен айналысуға деген зәрулігі туралы өз пікіріңді 3–4 сөйлеммен жалғастыр.

**11.** Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын сөздіктің көмегімен анықта. Олардың синонимін тап. Тірек сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

**12.** Мәтінді «Инсерт» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, керемет.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

**13.** Суреттегі қайраткерлердің қоғамда қандай орны бар деп ойлайсың? Ақпарат көздеріндегі материалдарды пайдаланып, олардың қоғамдағы орны жөнінде пікір алысыңдар.



Мұстафа Шоқай



Күләш Байсейітова



Олжас Сүлейменов

**14.** «Ассоциация». Мәтін мазмұны мен «Қазіргі заманда Адам ең маңызды құндылыққа айналып отыр» деген өткен бөлімдегі тұжырымның арасында қандай байланыс барын ашу үшін ой бөлісіңдер.

**15.** Мәтіндегі ойды әрі қарай жалғастырып, «Адамзатты алаңдатып отырған проблемалар» тақырыбында постер жаса.

**16.** Жаһандық мәселе тек үлкен нәрселерге қатысты бола ма? Ата-анаңмен, ата-әжеңмен осы тақырып жөнінде әңгімелес. Араларыңдағы диалогті бейнетаспаға түсіріп, олардың өзіндік көзқарастарына талдау жаса. Өз ойыңды түйіндеп жаз.

17. Ақпарат көздерінен әлемдік саясатты жүргізуге ықпал етіп отырған халықаралық деңгейдегі ұйымдар туралы мәлімет жина. Мысалы: БҰҰ, Еуроодақ және т.б. Олардың ішінен өзің аса маңызды деп санайтын үш ұйым туралы ақпаратты кесте түрінде жаз.

№	Ұйымның атауы	Құрылған жылы	Мақсаты	Құрамындағы мемлекеттер	Атқарған нақты шаралары



18. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- 1) Бүгін не үйрендің?
- 2) Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- 3) Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?


### 3-4-сабақ

### ҒАЛАМШАРДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР





1. Суреттегі табиғат көріністеріне қатысты халқымыздың тыйым сөздерін тауып жаз. Олардың қазіргі замандағы қандай жаһандық мәселемен қатысы бар деп ойлайсың?



-  2. Тірек сөздерді қатыстырып, заманауи әлемдік мәселелер жөнінде ой бөлісіңдер.


Адамзаттық мәселелер, ғаламдану үдерісі, бірігу, ортақ тағдыр, шешім табу, халықаралық қатынастар, қауіп-қатер, көшбасшылық, түсінісу, игеру, қастандық, ізгілік, мәмілеге келу, «күн сәулесі бәріне ортақ...»


-  3. **Жағдаят:** досың екеуіңе ғаламдық мәселелер жөнінде сынып оқушылары алдында баяндама жасау тапсырылды. Баяндаманың тақырыбын таңдаудан бастап не істейтіндеріңді жоспарлаңдар. Баяндаманың күрделі жоспарын құрыңдар. Жұмыс жоспары мен баяндама жоспарын сынып алдында айтып, талқылаңдар.

-  4. Төмендегі термин сөздердің мағынасын анықта.


ЕҚЫҰ, транспаренттілік, ресурс, «қосарланған стандарт», Ауганстан түйткілі, жаңа парадигмасы, Хельсинки актісі, Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясы, «ыстық нүкте».




-  5. Мәтінді тыңда.

-  6. Тыңдалым мәтіні бойынша маңызды ақпараттарды сызба түрінде жинақтап жаз.



-  7. **Рөлдік ойын.** Топқа бірігіңдер. **Жағдаят:** отбасы мүшелері дастарқан басында отырсыңдар. Саммитте қаралған мәселелер төңірегінде әңгімелесіңдер. Ауызекі сөйлеу стиліне тән тілдік ерекшеліктерді талдаңдар.

-  8. Мәтінді оқып, қай стиль түрінде жазылғанын айт. Сол стильге тән тілдік құралдарды анықта.

Жаһандық (ғаламдық) мәселелер – адамзаттың тағдыры және әлеуметтік дамуы шешілетін аса маңызды мәселелер жиынтығы. Қазіргі өркениетке тән құбылыс – ғаламдық қауіп-қатердің өршуі. Олар әртүрлі және күннен-күнге үдей түсуде.

Әлемдік тәртіптер мен қатынастар да үнемі өзгерісте болады. Әрбір мемлекет осы жүйеден өз орнын алуға талпынады. Адам-

заттың жалпы дамуы барлық мемлекеттер еріксіз есептесетін ортақ заңдылықтарды және даму тенденцияларын тудырады.

Әлемдік тәртіптерге жаһандық экологиялық өзгерістер, дүниежүзілік соғыс қаупі, азық-түлік тапшылығы, ядролық қауіпсіздік, әлемдік ортақ ақпараттану, түрлі індет аурулары, индустриалдық-техникалық ортақтану, техногендік апаттар, халықаралық терроризм, есірткі, халықаралық заңсыз қару сату, халықаралық қылмыс, адамдарды құлдыққа сату, діни экстремизм т.б. әлемдік қауіптер мен қайшылықтар үздіксіз өз ықпалдарын тигізіп отырды.

Ашық, ақпараттық, технологиялық қоғам құру жағдайында аталған қауіптер әрбір халыққа, әрбір мемлекетке және олардың азаматтарына өздерінің әсерін тікелей немесе жанама түрде тигізеді. Әлемдік қауіптердің шиеленісуі әлемдік экономикалық, қаржылық дағдарыстарға себеп болуда. Жаһандық дағдарыстардан әрбір мемлекет зардап шегеді. Сондықтан кез келген мемлекет әлемдік дамудың ортақ мәселелерін шешуге мүдделі.

Ғаламдағы шешуі қиын күрмеулі мәселелер қатарында:

- соғыс және бейбітшілік мәселелері;
- этнологиялық мәселелер;
- аштықпен күрес мәселесі;
- дамушы елдердің экономикалық артта қалуын жеңу мәселесі;
- ғарыш пен Әлемдік мұхитты бейбіт игеру мәселесі;
- демографиялық мәселе;
- экологиялық мәселелер;
- энергетикалық мәселелер;
- рухани ортаны және адамзаттың мәдени өркелкілігін қорғау мәселесі;
- ғылыми-техникалық дамудың жағымсыз салдарын жою мәселелері;
- аса қауіпті індеттермен күрес мәселесі;
- ауа райы мәселелері;
- шикізаттық мәселелер бар.

Ғаламдық мәселелерді шешудің басты шарты – әлемдік қауымдастықтың мақсатты түрде келісілген саясат жүргізуі. Оның мынадай стратегиялық аса маңызды екі бағытын атап көрсетуге болады: ғылыми-техникалық саясат және қазіргі халықаралық қатынастарды реформалау. Алғашқысы экологиялық, шикізаттық, энергетикалық және т.б. қолданбалы сипаттағы мәселелерді шешуге ғылыми-техникалық алғышарттар жасауды, ал екіншісі әлемдік қауымдастықты әділ демократиялық негізде реформалауды көздейді.

*Саяси түсіндірме сөздіктен*

## Тілдік бағдар

## Сөзжасамдық норма

## Тіл білімі салаларының зерттеу нысандары



Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздерінің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық үдеріс негізінде атау деп танылады. Сөзжасамның зерттеу нысанына атаудың жасалуы, қалыптасуы, туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, жаңа мағынаның ішкі құрылымы т.б. жатады. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атаудың қалыптасуымен қатар, мағынаның дамуын, ұғым-мағына-атаудың кешенді бірлігін қарастырады.

Сөзжасамдық норма – жаңа сөздің жасалу жолын реттейтін қалыптасқан жүйе. Тілдегі сөздер қосымша жалғану, бірігу, қосарлану, қысқару, тіркесу жолымен жаңа мағынаға ие болады, сөзден сөз туады. Мысалы: шипа+жай; ірі-ірі; БҰҰ; термальды су.



**9.** Оқылым мәтінінің мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, пікірлесіңдер. Тақырыпқа қатысты сөз әдебіне қажетті орамдарды қолданыңдар.



**10.** Мәтінде кездескен бейтаныс сөздердің мағынасын анықта. Оларды қатыстырып сөйлем құра.



**11.** Мәтінде айтылған ғаламдық мәселелерді төмендегідей бағыттар бойынша топтастырып жаз.

- 1) Халықаралық қатынастармен байланысты мәселелер.
- 2) Адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасқа байланысты мәселелер.
- 3) Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасқа байланысты мәселелер.

**12.** Мәтінді оқы.

Зерттеушілердің бір тобы жаһандануды ХХ ғасыр емес, одан да ерте, Ұлы жағрафиялық ашулар дәуірімен, ал енді біреулері оны тікелей ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерімен байланыстырады. Филипп Моро-Дефарж өзінің «Жаһандану» («la mondialisation») деген кітабында: «Еуропалықтар (Христофор Колумб, Васко да Гама) жасаған Ұлы жағрафиялық ашылымдар жаһанданудың басталуына негіз қалады, – деп жазды, – яғни бүкіл Жер шарын қамтыған өртүрлі байланыстардың пайда болуына әкелді».

«Менталдық» немесе «Мәдени жаһандану» – дәстүрлердің, діндердің, мәдениеттер мен идеологиялардың өзара жақын болуының кешендік үрдісі. Қазіргі таңда бүкіл әлем, негізінен, 6 жаһандық діни жүйеге (христиандық, ислам, иудаизм, индуизм, буддизм, конфуцийшілдік) бөлінеді. Адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшею үрдісі «менталдық» жаһанданудың бір көрінісі болып саналады.

Мәдени жаһандану саласында бүгінгі күннің өзінде біртұтас жалпыадамзаттық мәдениеттің нышандары – жаңа нысандармен (желілік мәдениет, кибермәдениет) ұштасқан ежелгі мәдени дәстүрлердің (классикалық, еуропалық, америкалық, шығыстық, мұсылмандық және үнділік) синтезі көріне бастады. Бұл жағдай әрбір ұлттың, халықтың өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалуы жолында орасан зор күш-жігер жұмсауын талап етеді.

*С. Ахтаева*

**13.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Тірек сөздерді жаз да, олардың жасалу жолын анықтап, кестені толтыр.

Туынды сөз	Біріккен сөз	Қос сөз	Тіркесті сөз



**14.** Мәтіндегі «Бұл жағдай әрбір ұлттың, халықтың өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалуы жолында орасан күш-жігер жұмсауын талап етеді» деген ой түйінінің мәнін таратып айт. Автор қандай жағдай туралы айтып отыр? Пікіріңді дәлелде.



**15.** Диалогті жалғастыр.

- Сәлем, Баян!
- Сәлеметсің бе, Талғат? Қайдан келесің?
- Әлемдегі аштықтан зардап шеккен балаларға көмек беру үшін біздің мектепте «Мейірім» атты қайырымдылық қоры құрылған еді. Соның жиналысынан келемін.
- ...



**16.** Өзің өмір сүріп жатқан ортада ғаламдық проблемаға айналған мәселелер бар ма? Мысалы: өзен арналарының тартылуы, құрғақшылық, табиғи ресурстардың тапшылығы, ауаның ластануы және т.б. Бар болса, оның болу себептері, қазіргі жайы, шешу мүмкіндіктері туралы ойыңды жаз. Бір-біріңмен жазғандарыңды алмасып, жұмыстарыңды бағалаңдар.



**17.** «Біздің аймақтағы экологиялық мәселелер» тақырыбында ойталқы өткізіңдер. Ойталқы өткізу үшін:

- талқыланатын мәселелерді бірлесіп анықтап алыңдар;
- дереккөздерді пайдаланып, өз аймағыңдағы экологияға байланысты ақпарат жинаңдар;
- экологияға байланысты ұлы ойшылдардың 3–4 қанатты сөзін жазып алыңдар;
- өз ойларыңды тезис түрінде жазыңдар;
- орталарыңнан жүргізуші сайлаңдар.



**18.** Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



1. Төмендегі сұрақтардың төңірегінде диалог құрыңдар.

- 1) Арал теңізінің ғаламдық мәселелерге қандай қатысы бар?
- 2) Ауа райындағы қандай өзгерістер ғаламдық мәселелерден туындауы мүмкін?
- 3) Жер бетіндегі адамдар үшін қандай індет қауіпті?
- 4) Қазақстанның әлемдік саясаттағы орны қандай?
- 5) Ядролық қарусызданудың пайдасы мен зияны қандай?



2. Мәтінді оқып, экологиялық мәселелер туралы ақпараттарды үш деңгейлі шеңбер-сызба арқылы бөліп жаз.

Ғаламдық экологиялық мәселелер – ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық мәселелер кешені. Зор геосаяси мәселенің экологиялық қауіптілігінің мынадай көріністері бар: табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық өралуандылықтың азаюы, қоршаған орта мен судың ластануы және т.б. Олар тек барлық елдің қатысуымен, БҰҰ-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымы) басқаруымен ғана шешілуі мүмкін.

Қазіргі таңда экологиялық мәселелерге ауаның ластануы, жер құнарлылығының жойылуы, мұхит, теңіз суларының мұнай қалдықтарымен ластануы жатады. Теңіз, мұхит суларының ластануынан ондағы тіршілік көзі жойыла бастайды. Мәселен, балықтар мен итбалықтардың қырылуы. Осы мәселелердің алдын алу үшін мұнай өндіру құралдарына арнайы сүзгілерді және ауаны тазарту қондырғыларын орнату жұмыстары қолға алынды.

Экологиялық мәселе біздің елімізде де орын алған. Арал теңізінің суы тартылып, экологиялық апатты аймаққа айналды. Суы тартылып, теңіздің түбі құрғап қалды. Құрғап қалған теңіз түбіндегі зиянды тұзды шаңдар желмен тарайды. Бұл тұздар ауаны лаптап, қышқыл жаңбырлардың жаууына әсер етеді.

Экологияның әлемдік мәселеге айналуы ауаның ластануымен тікелей байланысты. Себебі ауаның мемлекеттік шеғарасы болмағандықтан, атмосферадағы ауаны қорғау ғаламдық мәселеге айналып отыр.

Қазір де экология мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тіпті экологияны бұзып, ластағаны үшін айыппұл мөлшері де тағайындалып, оның қалыпқа келуіне назар аударылуда.

*«Экология» кітабынан*

**3. Ғұмар Қараштың өлеңін мәнерлеп оқы.**

### **Неден қорқам ...**

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,  
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам.  
Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып,  
Құрылған аяқасты аудан қорқам.  
Ертеден кешке дейін бір іс етпес,  
Жатып іш жалқау – дені саудан қорқам.

Кім көрсе, соған айтқан сырдан қорқам,  
Өңгіме сырдың түбі – жырдан қорқам.  
Сүзіліп, сопысынып дінді сатқан,  
Таңқы мұрт, таспа қара сұрдан қорқам.  
Бұлғақтап құр білімсіз, ағымға еріп,  
Білгенді еліктеген зырдан қорқам.

Асығыс істей салған істен қорқам,  
Қандары тасқан қара күштен қорқам.  
Дос болып бірге жүріп қастық етіп,  
Тысына қайшы келген іштен қорқам,  
Көруге бек әдемі болса-дағы,  
Құбылма тез оңатын түстен қорқам.

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,  
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам.  
«Таң туды, мезгіл жетті» деп адасып,  
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам.  
Істері адамдыққа жанаспаған,  
Жануар – екі аяқты аңнан қорқам.  
Көлеңке елестеген бойдан қорқам,  
Түс көріп, өң деп ұққан ойдан қорқам.  
Теңгеріп жарлы байды, құрып жұмақ,  
Теп-тегіс жұртқа жеткен тойдан қорқам.  
«Теңгердім, той жасадым жұрт үшін» деп,  
Жер-жерде шалған құрбан қойдан қорқам.

Ұжмақ көктен жерге енбек емес,  
 Мезгілсіз бір нәрсе де келмек емес.  
 Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,  
 Әкеліп біреу саған бермек емес.  
 Табиғат заңы, жолы өзіне хас,  
 Ешкімнің жетегіне жүрмек емес.  
 Адаспа, андық етпе, адам ұлы,  
 Көрінген о бір сағым көзіне елес.  
 Сағымды «су таптым» деп жұрт жинасаң,  
 Жындыға айтар сөз жоқ құрып кеңес.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Өлеңнің басты идеясы не?
- 2) Ақын қорқатын нәрселердің қайсысы адами құндылықтарға қауіп төндіруі мүмкін?
- 3) Қай тұста ғаламдық мәселелерге қатысты ойлар бар? Пікіріңді дәлелде.



5. «Оймоншақ». Сынып оқушылары төрт топқа бірігеді. Ортаға ғаламдық мәселелерге байланысты бірнеше сурет төңкеріліп тасталады. Топ басшысы солардың ішінен бірін таңдап алады. Топ сурет бойынша мәтін құрап, мәтінге ат қояды. Ең мағыналы, жүйелі, дұрыс, сауатты құрылған мәтін иелері жеңімпаз атанады.



6. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

## 4-БӨЛІМ

### АДАМ ӨМІРІН САҚТАУ

1–2-сабақ

АДАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ



1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Бүгінгі сабақ тақырыбының ғаламдық мәселелермен, құндылықтармен байланысы бар ма?
- 2) Адам өмірін сақтау мәселесі мен Табиғат арасында қандай сабақтастық бар?
- 3) Халқымыз қандай жерлерді киелі санайды?



2. «Жүйелі жоспар». Сендердің мектептеріңде «Туған жер» бағдарламасы бойынша қандай шаралар жүргізіліп жатыр? Оған өзің қандай үлес қосып жүрсің? Өз үлесіңнің ғаламдық мәселеге қатысы бар деп санайсың ба?

Егер «Туған жер» бағдарламасына қатысты іс-шараларды ұйымдастыру саған тапсырылса, неден бастар едің? Шағын жұмыс жоспарын жасап, сынып оқушыларына таныстыр.



3. Мәтіндерді тыңда.





4. Мәтіндегі негізгі ақпараттарды санамалап жаз. Термин сөздердің мағынасын анықта. Адам мен Табиғаттың арасындағы байланыс туралы ой толғандар.



5. Екі мәтіннің стилін анықтап, тілдік құралдарына кесте түрінде талдау жаса.



6. Мәтіндердің мазмұны бойынша «Рахман қайнары» шипажайы туралы жарнама мәтінін жаз.

### ЖАРНАМА

**Жарнама** (франц. *reclame*, лат. *reclamo* – жар саламын) – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық сапасы туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама.

Белгілі бір адамдар мен ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды таныту – жарнаманың негізгі қызметі. Сонымен бірге тауардың өтімділігін арттыру, көпшілікті белгілі бір өніммен таныстыру, хабар беру де жарнаманың қызметіне жатады.

Жарнаманың түрі өте көп. Жарнаманың мазмұны түсінікті, тілі тартымды әрі тыңдаушыға қызықты, ал көлемі қысқа да нұсқа болуы тиіс.



7. Өзің жазған жарнама мен тыңдалым мәтіндеріндегі тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктеріне тілдік талдау жаса.

1-мәтін		2-мәтін		Жарнама мәтіні	
Тілдік құралдары	Стильдік сипаты	Тілдік құралдары	Стильдік сипаты	Тілдік құралдары	Стильдік сипаты



8. «Ең үздік тілдесім». Жағдаят: «Рахман қайнары» шипажайының қабылдау бөліміне телефон шалып, ақпарат алуың керек. Мәтіндегі мәліметтер шеберлікпен қиюласатындай қысқа да нұсқа (10–12 үнқатымнан тұратын) хабарламалық диалог құрындар. Сынып оқушылары ең үздік диалог иелерін анықтасын. Жарнама тілі мен ауызекі сөйлеудегі тілдік құралдардың қолданысына мән беріңдер.



9. Екі топқа бөлініп, өлең шумақтары бойынша сөзжасамның нысандарына сәйкес зерттеу жүргізіндер және жұмыстарыңды өзара алмасып, тексеріндер.



Жетісу, кеудең асқар, аяғың көл,  
Қоңың құм, мықыныңда бар сексеуіл.  
Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,  
Ол бір маң мал өсірген өлкедегі ел.

Көктемде құмнан әсем жер болсын ба,  
Жайқалып жауқазыны, раң гүлдер.  
Бойдағы бозбаладай асыр салса,  
Қозысы құйрықтанып дөңгеленер.

Құлпыртар құмда соққан қоңыр самал  
Мәсімнің масатысын желі желпіп.  
Қар кетіп, қара жері жасанғанда,  
Қонбасын қалай құсша елі келіп.

Ескінің ертегі айтсам ертесінен:  
Жетісу қан малшынған белшесінен,  
Алайда, айнарармын, айтам өлі,  
Шыға алмай жүрмін өзір жер шетінен ...

*І. Жансүгіров*



10. Мәтінді оқы.

Ғаламдағы адамзат өміріне аса қауіпті мәселелердің пайда болуының басты себебі – Табиғат пен Адамның арасындағы байланыстың бұзылуы. Адам өмірін жалмайтын індеттер де Жер



ананың бетіндегі, қойнауындағы байлықтың құнын бағаламай, орынсыз ысырапқа ұшыратып, ақша табу жолындағы бақталастық пен тойымсыздықтың нәтижесінде туып отыр. Сол бақталастықтың соңы үлкен апат әкелетін ядролық және жаппай қыру қаруларын қолдануды өршіте түсті.

Адамзаттың демографиялық мәселесі де Адам мен Табиғаттың арасындағы байланысты бұзуда. Жер шары халқының саны 2010 жылы 6,8 млрд болса, 2025 жылы 11 млрд адамға өседі деп болжанып отыр. Өкініштісі сол, халықтың өсуі тіршілік ортасының ластануымен қатарласа жүруде. «Адамзат санының күрт өсуі міндетті түрде экологиялық апатқа ұшыратады» деп есептейді сарапшылар.

Адамзат өміріне аса қауіпті фактордың бірі – нашақорлық. Нашақорлық – адамның денсаулығы мен елдің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін үлкен қатер.

Сонымен қатар соңғы жылдарда індет ауруларының кең таралуы, құс тұмауы, шошқа тұмауы сияқты ауру түрлері де жиі кездеседі.

Бүгінде әлемдік тәртіптер мен мемлекетаралық қатынастар өзара тәуелділік пен ортақтасу принципіне бейімделе түсті. Әлем халықтары мен мемлекеттері жаһандық қауіп-қатерлерді (мәселелерді) бірлесе отырып, өзара келісім саясаты арқылы ғана шешуге болатындығын ұғынып отыр. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемдік жақындасу, бірлесу, ортақтасу, мүдделердің тәуелділігі сияқты үдерістер байқала бастады. Әлемдік деңгейдегі ортақ мәселелер жүйесінің қалыптасуы өткен ғасырдың 70–80-жылдарында нақты нәтижелерін беріп, жаһандық жаңа тәртіптер қалыптасты. Адамзат өркениеті бір сапалық деңгейден екінші мүлдем жаңа сапалық деңгейге ауысты. Жаһандану үдерісі XXI ғасырдың бастапқы кезеңінде бұрынғыдан да әлеуетті бола түсті. Әлем мемлекеттерінің жаһандық мәселелерді шешуге араласу жолдары БҰҰ, ЕЫҚҰ, ШЫҰ, БСҰ сияқты халықаралық ұйымдар арқылы жүргізіліп отыр. Дегенмен әр адамның өз тағдыры өз қолында екенін ұмытпаған абзал.

*«Ғаламдық экологиялық проблемалар»  
мақаласынан*



**11.** Оқылым мәтіні бойынша күрделі жоспар құр. Жоспар сұраулы сөйлем түрінде болсын.



**12.** Мәтіннің ең соңғы сөйлеміндегі түйінге қатысты өз пікіріңді 3–4 сөйлеммен жаз. Парталасыңмен алмасып, ой бөлісіндер.



**13.** Мәтіндегі адамзат өміріне тікелей қауіпті мәселелерді кластер түрінде жинақтап көрсет. Сол бойынша мәтін мазмұнын ауызша баянда.



**14.** Мәтіндегі сөзжасамдық нормаға сай жасалған сөздерді топтастырып, кесте түрінде жаз. Олардың жасалу жолдарын түсіндір.

Журнақ арқылы туған сөз	Біріккен сөз	Қос сөз	Қысқарған сөз	Тіркесті сөз



**15.** Мәтін мазмұны бойынша диалог құрыңдар. Жардаят орнын (үйде, сыныпта, университеттің алдында, көшеде, дәмханада, теле-студияда және т.б. орындар) және рөлді (оқушы – оқушы; оқушы – ата-ана; достар; оқушы – журналист; шетелдік досың – өзің; маман – оқушы және т.б.) өздерің таңдаңдар. Қай стильде сөйлегендеріңді және қалай сөйлегендеріңді бағалаңдар.



**16.** «Баспасөз конференциясы». Өздерің таңдаған мамандық саласы бойынша бес-бестен топқа бірігіңдер. Сол сала бойынша ғаламдық мәселелермен айналысып жүрген бір қайраткер туралы ақпарат жинаңдар. Жинақталған ақпарат негізінде төртеуің журналист, біреуің қайраткердің рөлінде сұхбат жүргізіңдер. Сұхбатта адам өмірін сақтау мәселесіне басымдылық берілісін.



**17.** Екі ақынның өлеңін оқы. Олардың мағынасын бүгінгі сабақпен байланыстырып айт. Мәтіндегі туынды сөздерді тауып, құрамына талдау жаса.

Атамның қонған қонысы –  
Түн асса, тұтам түгі өскен,  
Басылмайтын қонысы.  
Аққан бұлақ сай-салаң,  
Шытырман тоғай айналаң,  
Жоның – жайлау кең алаң,  
Атам қонған кең далам,  
Мендей сені қызғанар,  
Бауырыңда өскен бай-балаң.  
Көл қорыған қызғыштай  
Сен десе, салам байбалам.  
Жайлауыңды көргенде,  
Жадыраймын, жайланам.  
Өксігіңді ойласам,  
Ұйқы беріп қайғы алам.

*Дулат Бабатайұлы*

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Түйе боздап, қой қоздап – қора да шу,  
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда  
Сыбдыр қағып, бұраңдап, ағады су.

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,  
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.  
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,  
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар.

*Абай*



**18.** Екі ақынның өлеңін бір мәтіннің ішіне сыйғызатындай тақырып таңда. Тақырып бүгінгі сабақпен байланысты болсын. Тақырыпқа сай жоспар құр, сол бойынша ғылыми-көпшілік стильде табиғат пен адамның арасындағы байланыс туралы ойтолғау жаз.



**19.** Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

### 3–4-сабақ

### ЛАҢКЕСТІК – АДАМ ӨМІРІНЕ ТӨНГЕН ТОСЫН ҚАТЕР



**1.** Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Адам өміріне аса қауіпті қандай іс-әрекеттерді атар едің?
- 2) «Экстремизм», «терроризм» деген сөздердің айырмашылықтары неде?

- 3) Лаңкестікті жасайтын кімдер?  
 4) Табиғат апаттары мен адам қолымен жасалатын қатерлердің қайсысы қауіптірек? Неліктен?



2. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар» атты мақаласын оқыңдар. Мақаладағы сабақ тақырыбына қатысты ой-тұжырымдарды конспект түрінде жазыңдар. Бір-біріңнің жазған конспектілеріңді бағалаңдар.



3. Тірек сөздерді пайдаланып, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелер туралы өз ойыңды айт.

*Ғаламдық мәселелер, адамзат, шеғара, «таным сүзгісі», рух, ақпараттық технология, жастар, насихат, өзін-өзі басқару, психологиялық әлсіздік, білім, болашақ, таралу.*

## Тілдік бағдар

### Синтаксистік нормалар

Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі тілде қалыптасқан заңды ережелерге негізделеді. Нормалар халықтың сөйлеу тілінің ерекшеліктерінен бастау алады. Тіл білімінің әрбір саласын оқудағы мақсат – сөйлеу барысында сол нормаларды берік ұстаынып, оларды дұрыс қолдануға үйрену.

Синтаксистік нормалар – сөздерді дұрыс тіркестіріп, сөйлемді дұрыс құраудың заңдылықтары. Әр тілдің синтаксистік құрылымының өзіндік жүйесі, нормалары болады. Сондықтан басқа тілдегі сөз тіркесін немесе сөйлемді сол қалпында қолдану тілдік нормаға сай келмейді. Олардың тілдің әдеби нормаларына сәйкес болуын ескеру қажет. Мысалы, орыс тіліндегі «утвержден министерством» деген тіркесті «министрлікпен бекітілген» немесе «придется самой решить» дегенді «өзіме шешуге келеді» деп сол қалпында аудару дұрыс емес. Олар қазақ тілінің синтаксистік нормасына сай «министрлік бекіткен», «өзімнің шешуіме тура келеді» деп қолданылады.

Сол сияқты қазір жастар арасында сөйлем ішінде модаль сөздерді қолдану жүйесінде де қателіктер кең етек алып отыр. Мысалы, «Менің мектепке баруым керек» деудің орнына «Мен мектепке бару керекпін» деп айтады. Сонымен қатар қазақ тіліндегі сөйлем құрамындағы сөздердің орын тәртібін сақтау

жайы да өзге тілдердің әсерінен бұзылатын жайттар кездеседі. Мысалы, «Мен бүгін сабақ болмайды деп ойладым» деудің орнына «Мен ойладым бүгін сабақ болмайды деп» сияқты сөйлемдердің нормаға сай келмейтініне мән беру керек. Тілді сауатты қолдану, ең алдымен, қазақ тілінің нормаларын сақтаудан басталатынын ескерген жөн.



#### 4. Берілген мәтінді «өңдеп», синтаксистік нормаға сай дұрыс жаз.

Қарашаның алғашқы күні аудандық Мәдениет үйінде «Діни экстремизмнің алдын алу және жастарды имандылыққа тәрбиелеу» тақырыбымен аудандық конференция болып өтті. Конференцияға жергілікті атқарушы және құзырлы органдардың өкілдері, аудан имамдары, ардагерлер, учаскелік, мектеп инспекторлары, білім беру, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпараттық құрал өкілдері, жастар, шырақшылар мен қараушылар, барлығы 230 делегат қатынасты. Конференцияны аудан әкімі ашып, конференцияның күн тәртібімен таныстырды. Аудан әкімі қысқаша сөз сөйлегеннен кейін конференцияның негізгі мақсатын атап өтті. Яғни: саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуда діни идеологияның ұлт, қоғам өмірінде әртүрлі қызмет атқарып отырғандығын, соның ішінде біздің жастарымыздың қазіргі өмірге, дінге деген көзқарасын нақтылап, жастар мәселесімен тікелей айналысатын, бейжай қалмайтын тұлғалардың басын қосып, жастарымызды діни экстремизмнің арбауынан сақтау, бойларына имандылық дарыту.



#### 5. Сөйлемді оқы. Сөздерді дұрыс тіркестіру, сөйлемді дұрыс құраудың заңдылықтары бойынша парталасыңмен бірге өзіндік зерттеу жүргіз. Жұмыс түрін қатарлас парталастарыңмен бірге бөліс.

Жаратылыстың құшағында, меруерт секілденген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада туып-өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті.

*М. Жұмабаев*



#### 6. Мәтінді тыңда.



7. Мәтін бойынша тезис жаз. Ол үшін алдымен тыңдалған мәтіндегі негізгі ақпараттарды тақырыпшаларға бөл, соған сәйкес тірек сөздерді анықта. Тезисте синтаксистік нормаларды қатаң сақта.



8. Тыңдалым мәтіні бойынша төменде берілген тұжырымдардың дұрыс/бұрыстығын бағалап, әңгімелесіңдер.

- 1) Экстремизмнің мақсаты – қоғамда үрей туғызу.
- 2) Экстремизмнің мақсаты – халықаралық деңгейдегі мәселелерді бірлесе шешу.
- 3) Экстремистік оқиғалар тек XX ғасырдың екінші жартысынан бастап орын алды.
- 4) Террорлық әрекет – саяси күштер арасындағы қақтығыстардың нәтижесі.
- 5) Терроризм тек бір ұлтпен немесе дінмен байланысты болады.



9. Күдікті затты көрген кездегі іс-әрекеттер туралы «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінен» үзіндіні оқы.

Сақтануға негіз болатын себептер:

- күдікті заттың табылуы;
- телефон немесе пошта жолдамасы арқылы қорқыту.

Орындалатын іс-әрекеттер:

1. Табылған күдікті затқа тиіспеу, жақындамау, орнынан қозғамау. Затқа жақын жерде шылым тартпау, радио, соның ішінде ұтқыр байланысты пайдаланудан тартыну.
2. Күдікті заттың табылуы туралы құқық қорғау органдарына көрсетілген телефондар бойынша кешіктірмей хабарлау.
3. Табылған уақыты мен орнын белгілеп алу.
4. Қауіпті аумақты (радиусы кем дегенде 100 метрге дейінгі жерді) адамдардан босату.
5. Күдікті затқа және қауіпті аумаққа мүмкіндігінше күзетті қамтамасыз ету.
6. Дүрбелең тудырмау. Қауіпті аумаққа жанасып тұрған жерлерден адамдарды көшіруді қамтамасыз ету (көмекті қамтамасыз ету).
7. Құқық қорғау органдарының өкілі келгенге дейін күту, күдікті зат жатқан жерді, ол табылған уақыт пен жағдайды көрсету.
8. Бұдан әрі қарай құқық қорғау органы өкілінің нұсқауы бойынша әрекет ету.
9. Жарылыс қаупі туралы дүрбелеңге жол бермеу үшін оны білуге тиісті адамдардан басқа ешкімге хабарламау.

10. Объектіге тексеру жүргізу, қызметшілердің қажетті санын білу және оларға өзін-өзі ұстау тәртібі туралы (неге назар аудару керектігі және қауіпті зат табылған немесе қауіп төнген кезде қалайша іс-әрекет ету туралы) ақыл-кеңес беру үшін қызметшілердің қажетті санын бөлу.

11. Объект қызметшілеріне бөгде адамдардан қандай да бір зат пен бұйымды сақтауға, қабылдауға тыйым салынғандығы туралы ескертіп отыру.


12. Жарылыс қондырғысына ұқсас заттың сыртқы түрін суреттеуге дайын болу.


Зат көп адам жүруі мүмкін жерлердегі қалтарыстарда, жарылыс және өрт қаупі бар орындарда, өртүрлі коммуникация орналасқан жерде сөмке, орам, пакет және т.б. түрінде жатуы мүмкін. Ол сыртқы түрі бойынша жарылыс қондырғысына (граната, мина, снаряд және т.б.) ұқсас болуы мүмкін; өткізгіш жіп, арқан, оқшаулағыш таспа, жабысқыш түрінде жатуы мүмкін; сағаттың шықылдауы, механикалық гүріл, өзге дыбыстар естілуі; бадамның немесе өзге таныс емес иіс шығуы мүмкін.


Күдікті затты күзеткен кезде мүмкіндігінше қорғануға болатын нысандардың (ғимараттың бұрыштары, діңгек, жуан ағаш, автомәшине және т.б.) тасасында тұрып, бақылау жүргізу қажет.

*ҚР Қылмыстық кодексінен*

 10. Мәтіндегі ережелерді конспектілеп жаз.


 11. «Үздік инспектор». Рөлдік ойын. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарды пайдаланып, заң қызметкері ролінде оқушыларға күдікті зат табылған жағдайдағы іс-әрекет жүйесін қысқа да нұсқа етіп түсіндіріңдер.


 12. Жағдаят: мектептің дәлізінен күдікті заттың жатқанын байқап қалдыңдар. Не істейтіндеріңді нақты әрекеттермен көрсетіндер.

 13. Мәтінді оқы. Осы оқиғаларды экстремизмге жатқызуға бола ма? Пікіріңді дәлелде. Қарамен жазылған сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.

Ежелден жеке адамдардың өміріне қастандық жасап, тұтқиылдан өмірін қиып, дұшпандыққа бару тарихтан белгілі. Бұл қастандық негізінен патшаларға, ел билеушілерге, министрлерге, фабрика-зауыттың директорларына, ірі помещиктерге қарсы бағытталатын-ды. Мұны түсінуге болады. Олар өз бақытсыздықтары үшін кінәлілерден, ар-намысын аяққа таптаушылардан, жеке

басының кегін алудың бірден-бір жолы лаңкестік деп есептеді. II Александр патша осындай қастандықтан қаза болды. Аш-жалаңаш халық өздерінің ауыр тұрмысынан құтылудың амалы қатыгез патшаның көзін жою деп түсінді. Француздар XVIII ғасырда XVI Людовик король мен оның зайыбы Мария Антуанеттаның басын гильотинамен шапты. Бұл қастандықтар нақты тұлғаларға бағытталды. Оларды құрбандыққа шалудың себептері де жеткілікті еді.

 **14. «Интервью».** Ақпарат көздерінен белгілі бір елде болған экстремистік оқиғаның бірі туралы мәлімет жинаңдар. Сол оқиғаның барысын куә болған заң қызметкері мен журналистің рөлінде баяндаңдар. Өңгіме теледидардан көрсетілетін арнайы хабар түрінде беріліп, журналист пен заң қызметкерінің сұхбаты түрінде жүргізілсін. Уақыты: 1,5–2 минут.

 **15.** Мәтінді оқы. Оны көпшілік алдында сөйленетін қандай тақырыптары сөзге дәйек етіп алуға болады? Неге? Қарамен берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.

Жуырда АҚШ заң орындары Мұхаммед пайғамбардың карикатуралық суретін салған суретшіні өлтіру үшін киллерге тапсырыс берген бір әйелді тұтқынға алды. Ол өзі Ислам дінін қабылдаған, мұсылман әйелдерінше киініп, Швецияға барған. Мұнда ол киллер жалдап, суретшіні өлтіруді мақсат еткен. АҚШ қауіпсіздік органдары бақылауға алып, әйелді тұтқындаған. Тексере келгенде, ол АҚШ-тың өз тұрғыны екен, келімсек емес, осында туып-өскен англо-саксондық болып шыққан. Террорист біткенді Шығыстан іздеген АҚШ қауіпсіздік қызметкерлері оны өз елінен тапқан. Бұл нені көрсетеді?



 **16. «Шығу парағын»** пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- 1) Сабақ тақырыбы бойынша не үйрендің?
- 2) Сен үшін қандай маңызды мәліметтер болды?
- 3) Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің толды ма?).
- 4) Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
- 5) Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?



## 5-сабақ

## НӘТИЖЕ САБАҚ

?

1. Тақырып бойынша меңгерген термин сөздердің сөздігін жаса. Оларды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

№	Термин сөз	Анықтамасы

2. «Барлық мамандықтың адам өмірін сақтауға қатысы бар ма? Өлде ол тек медицина мамандарының парызы ма? Сенің болашақ мамандығыңның адам өмірін сақтаудағы маңызы қандай деп ойлайсың? Биік мансапқа қол жеткізген жағдайда осы бағытта не істер едің?» деген сұрақтарды басшылыққа ала отырып, ойтолғау жаз.

Алдымен «Адам өміріне төнетін қауіптер: себептері мен сақтану жолдары» тақырыбында кластер жасап ал.

3. Төмендегі мақал-мәтелдерді оқып, ортақ тақырыбын анықта.

- 1) Ырыс алды – ынтымақ.
- 2) Бірлік болмай – тірлік болмас.
- 3) Ынтымақ түбі – игілік.
- 4) Ынтымақ – бұзылмайтын қорған,  
Қосылып еккен ағаш – орман.
- 5) Саусақ бірікпей –  
Ине ілікпейді.
- 6) Байлық байлық емес, бірлік – байлық.
- 7) Ынтымақ жүрген жерде,  
Ырыс бірге жүреді.
- 8) Берекені көкпен тілеме,  
Бірлігі мол көкпен тіле.
- 9) Бірлігі бар елдің,  
Белін ешкім сындырмас.

10) Ынтымақ жүрген жерде –  
Ырыс жүреді.

11) Береке көзі – бірлікте.



4. «Сараптаймыз!» Әлемдегі ең ірі экстремистік оқиға туралы ақпарат жинаңдар. Сол оқиға туралы пікірлеріңді тұсаукесер түрінде баяндаңдар.

**Тұсаукесерге қойылатын талаптар:**

- слайд-шоу түрінде жасау;
- оқиғаға қатысты статистикалық мәліметтер келтіру;
- сол оқиғаға қатысты сарапшылардың пікірлерін талдау;
- өздерінің көзқарастарын дәйектеу;
- оның адамзат тарихындағы рөлін бағалау;
- сынып оқушыларының тұсаукесер тақырыбы бойынша қойған сұрақтарына жауап беру.



5. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1) Тақырып бойынша не үйрендің?

2) Адам өмірін сақтау жолдары жөнінде қандай сұрақтарға нақты жауап бере аласың?

## 5-БӨЛІМ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ


1–2-сабақ

### СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ




1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Өнер деген не?
- 2) Өнердің қандай түрлері бар? Диаграмманы толтыр.



2. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Адамзат өмірінде өнердің қандай маңызы бар деп ойлайсың?
- 2) Жоғарыдағы өнер түрлерінің қайсысын өзіңнің болашақ мамандығың үшін өте қажет деп санайсың?
- 3) Сәулет туындылары не себепті өнер түріне жатады?
- 4) Мына ғимараттарды өнер туындысы деуге бола ма? Пікіріңді дәлелде.





3. Мәтінді тыңдап, мазмұны бойынша конспект жаз.



4. Мәтіндегі терминдер мен ұғымдарды анықтап, олардың мағынасын түсіндір.



5. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратқа сүйеніп, «Сәулет өнерінің ерекшелігі» тақырыбында өзің қалаған ортаға сай монолог құрап айт. Онда көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақта.

## Тілдік бағдар

### Сөйлем мен мәтіндегі тыныс белгілері

**Тыныс белгілері** (не пунктуация) – тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі. Тыныс белгілері жазба мәтінде айтайын деген ойды нақты, дәл, түсінікті етіп жеткізу үшін қолданылады. Бұл – тыныс белгілерінің басты қасиеті.

Тыныс белгілері жазба мәтіндегі сөз тіркесі мен сөйлемдерді оқығанда тілде байқалатын кідірісті де, дауыста аңғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді. Бұл – тыныс белгілерінің қосымша қасиеті.

Тыныс белгілері қойылу орнына қарай сөйлем ішінде келетін және сөйлем соңында келетін тыныс белгілері болып екіге бөлінеді.

Сөйлем ішіндегі тыныс белгілері: үтір, қос нүкте, сызықша, нүктелі үтір, жақша, тырнақша, үтірлі сызықша.

Сөйлем соңында келетін тыныс белгілері: нүкте, көп нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі.



**6.** Төмендегі мәтінді көшіріп жазып, тиісті тыныс белгісін қой. Оны не себепті қойғаныңды түсіндір. Жазған мәтініңді дауыс ырғағын сақтап оқып, ондағы тыныс белгілерінің қандай қызмет атқарып тұрғанын айт.

Ежелгі Мысырдағы пирамиданың құрылысын бастау үшін 10 жыл бойы блоктарды жеткізуге арналған жол төселген Геродоттың жазбасында 100 мың адам пирамиданы 20 жыл бойы салғандығы айтылады пирамидаға 2,3 млн тас блок жұмсалған пирамиданың төменгі бөлігі жылтыратып өңделген әктас тақталармен ал жоғарғы бөлігі алебастр тақталармен қапталған төменгі бөлігі қызыл гранит тақталармен жабылса керек

Тас Нілдің оң жақ жағалауындағы тас қашау орнынан жеткізілген блоктарды судан ісінген ағаш қазықтардың көмегімен бөліп алып май немесе балшықпен майланған салмалармен сондай-ақ жұмыр бөренелермен жеткізген тасты Ніл арқылы салмен ағызған.



**7.** Мәтінді оқы.

Сәулет өнерінің тарихы өте терең. Ежелгі тас дәуірінің соңында-ақ сәулет туындыларының алғашқы қадамдары байқала бастаған. Үңгір қабырғаларында алғашқы қауым адамдарының саусақтарымен жүргізілген ирек жолақтар пайда болды. Ал адамның ең алғашқы «өнер туындысы» саусақтарын кең жайып, оны бояумен айналдыра жүргізіп, шеңбермен қоршаған қолдардың таңбалары еді. Бұл қолдың кездейсоқ қозғалысы емес, саналы әрекеті сияқты. Кейін ғимарат қабырғаларында жануарлардың, аң бетперделерін киген аңшылардың алғашқы бейнелері көрініс тапқан. Бұл кезеңнің мәдениет ескерткіштері Испаниядан табылды (Санта Изабель үңгірі).

Сәулет өнерінің дамуына адамдардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік құрылымы, әдет-ғұрыптары ықпал етті. Бұрын адамдар бір тұрақта қауымдасып тұрса, бірте-бірте отбасылық баспаналар пайда болды. Сол сияқты адамды жерлеу рәсімдеріндегі өзгерістер де сәулет өнерінің дамуына елеулі әсерін тигізді. Мысалы, неолит дәуірінде Солтүстік Қара теңіз жағалауында атақты адамдардың қабірінің басына алғашқы қорғандар – дөңгелек және трапеция пішінді төбешіктер тұрғызылған.

Неолит дәуірінде тотемизм – белгілі бір хайуанат түріне мінажат ету пайда болды. Соған байланысты бейнелеу өнерінде

жаңа белгілер дами бастады. Кеңінен тараған петроглифтерге жартастағы кескіндер мен тастағы ойма суреттер жатқызылады.

Қола дәуірінде металдан жасалған құралдарды пайдаланудың нәтижесінде құрылыс мәдениеті дамыды. Құрылыс тұрғызу үшін ағашты өңдеп, тасты қашаған. Көшпелі тайпаларда құрастырмалы-жиналмалы тұрғын-жай түрлері (киіз үй) мен тұрақты қоныстары да болды.


Темір дәуірінде көшпелі тұрақ-жайлардың алуан түрі – құрастырмалы киіз үйлер, мата және былғары шатырлар пайда болды. Бұл кезеңде Еуропа мен Азияда белгілі сәулет мәдениеті қалыптаса бастады. Ежелгі Грекия құрылысында металл кеңінен қолданылды.


Мысыр мәдениетінің ежелгі патшалық кезеңінде пирамидалар мен ескерткіштер салына бастады. Кейінірек бағаналар мен төбелерде сәулет, мүсін өнері және суреттер, қабырғаларда иероглифтік мәтіндер көрініс тапты.


Қосөзен мәдениеті кезеңінде Шумер, Вавилон, Ассирия және т.б. сәулет мұралары дами түсті. Одан кейінгі ежелгі Үнді, Қытай мәдениетіне тән ғимараттардың да өзіндік ерекшеліктері болды.


Антикалық сәулет өнері адамзат өркениетінің жаңа дәуірі саналады. Грек, Рим стилінің кең таралған уақыты да осы кез. Бұл кезеңде салтанатты сарайлар, мәдениет орындары бой көтерді. Италияда реалистік бағыттың дамуы Ренессанс сәулетінің гүлденуіне жол ашты.

*Р. Бирюковадан*

 **8.** Мәтіннің құрылымы бойынша кесте түрінде күрделі жоспар құрып жаз. Өр бөлікке негізгі тірек сөздерді орналастыр.

 **9.** Мәтіндегі тілдік құралдарға сүйеніп, оның стилі мен жанрлық түрін ажырат. Пікіріңді дәлелде.

 **10.** Мәтіндегі өзің қалаған бір сөйлемдегі тыныс белгілерінің түрлерін анықтап, қандай қызмет атқарып тұрғанын түсіндір.

 **11.** Мәтін мазмұны бойынша сәулет өнерінің тарихы туралы қысқаша ақпарат жаз. Онда мәтіннің ішінен өзің қалаған екі сөйлемді дәйексөз ретінде қолдан. Еңбекке сілтеме бер, оны пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсет. Мәтінге тиісті тыныс белгілерін қой.

**Есіңе сақта!**

1) Еңбекке сілтеме тік жақша арқылы беріледі.

2) Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу жолдары: алдымен еңбек авторының аты-жөні (тегі толық, ал атының басқы әрпі жазылады), еңбектің аты, оның шыққан орны (қаласы мен баспаның атауы); еңбектің шыққан жылы; еңбектің жалпы бет саны жазылады.



**12.** Мәтіннің қорытынды бөліміндегі ойдың негізінде пікіралмасу өткізіңдер. Пікіралмасудың тақырыбы мен жоспарын өз қалауларың бойынша анықтаңдар.



**13.** Суреттегі сәулет туындысына тән ұштаған бойынша баға бер. Киіз үйдің сәулет ерекшелігіне талдау жаса.





14. Қазақстандағы өздерің қалаған бір сәулет туындысының жасалу тарихы мен құндылығы, эстетикалық сипаты бойынша тұсаукесер жасаңдар. Онда ғылыми-көпшілік стильге тән сөйлеу талаптарын сақтаңдар. Тыңдалым, оқылым мәтіндеріндегі қажетті сөз орамдарын талғап жұмсаңдар.



15. Сабақ тақырыбы бойынша кестені толтыр.

Не білдім?	Нені білгім келеді?

### 3–4-сабақ

### ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ



1. Сұрақтарға жауап бер.

- Ежелгі сақтардың сәулет өнері туралы не білесің?
- Геродот кім? Оның сақтар туралы айтқан пікірлерін білесің бе?
- Қазақстан жеріндегі тарихи сәулет жәдігерлері ретінде қандай нысандарды атау едің?



2. Суреттерге қара. Олардың ежелгі сақтар мәдениетіне қандай қатысы бар? Осы заттар туралы дереккөздерден ақпарат жина. Заттардың атауын, қай ғасырға жататынын анықтап жаз. Бұл заттардың сабақ тақырыбымен қандай байланысы бар деп ойлайсың?







**3.** Орыс ғалымы Л.П. Окладниковтың ежелгі түркі мәдениеті туралы айтқан сөзін қазақ тіліне аударып жаз. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір. Ғалым айтып отырған «Древняя тюркская Сибирь» ұғымы Жер шарының қай бөлігі екенін әлем картасынан тап.

«Древняя тюркская Сибирь оказалась теснее связанной с Западом, чем с Востоком. Её культура намного богаче и ярче, чем можно было полагать ранее. У берегов Байкала, на Ангаре, Лене сходились и расходились пути древних культур Востока и Запада, существовали мощные по тем временам самобытные культурные очаги, без которых история Евразии не может быть полностью понятой. Как мы видим, по находкам от крепостей тюрков в Прибайкалье ведет их путь на Дон и на Дунай».



**4.** Мәтінді тыңда.



**5.** Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарды жалғастырып жаз.

- 1) Адамзат тарихында Ежелгі Қазақстан мәдениеті мен өркениетінің қандай маңызы бар?
- 2) Ұлы Дала қандай құрлықтардың басын қосты?



**6.** Мәтінге сүйеніп, «Ұлы Дала өркениетінің даму факторлары» тақырыбындағы сызбаны толтыр.

### Ұлы Дала өркениетінің даму факторлары

1.

2.

3.

4.

5.

6.



**7.** Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнына сәйкес тақырып қой. Тыныс белгілеріне назар аудар.


Тараз – Талас өзені бойында орналасқан тарихи қала. Ол V ғасырға дейін салынған. Екі мың жылдық тарихқа ие Тараздың өзіндік шежіресі мен тағдыры бар. Оның даму жолдарының құпиялары мен тылсым сырлары мол.

Әр қаланың өзінің ерекше бойтұмары болады. Тараздың бойтұмары – Қарахан мен Айша бибі кесенелері. Аңыз бойынша, Айша бибі Түркістанда жас батыр Қараханмен кездеседі. Бірінбірі ұнатқан екі жас үйленуге келіседі. Жаугершілік заман болғандықтан, елін, жерін қорғап шайқаста жүрген Қараханның уәделі мерзімде Айша бибіге баруға мүмкіндігі болмайды. Арада біраз уақыт өтеді. Айша бибі Қараханның мекені Тараз қаласына бару үшін қасына күтушісін ертіп, жолға шығады. Бірнеше күн жол жүріп, Таразға жетеді.

Қаланың төбесі көрінгеннен кейін өзеннің жағасына келіп, сол арада суға түсіп, біраз демалуға тоқтайды. Күтушісі ас әзірлеуге кіріседі. Салқын суға шомылып, денесі сергіп шыққан Айша бибі жұмсақ төсенішке келіп жатады. Ұзақ жолдан шаршаған жас ару маужырап ұйқыға кетеді. Осы кезде оны даланың ұлы жыланы шағады.

Денесін у жайлап, тынысы тарылған Айша бибі дереу Қараханға хабар бергізеді. Қарахан емші мен молданы алып жеткенде, ару қыз есінен танып жатыр екен. Қарахан молдаға Айша екеуінің некесін қиғызады. Содан кейін ол қызды қолына алып, жаны үзіліп бара жатқан Айшаның құлағына: «Айша, сен енді бибі болдың!» – деп үш рет айтыпты.

Қайғырып, қан жұтқан Қарахан сүйген жарының денесін арулап жерлеп, басына өсем күмбез орнатады. Қанша уақыт өтсе



де, Тараз қаласының іргесінде екі ғашықтың махаббатының өшпес белгісі іспеттес сол кесене әлі тұр.

Айша биби кесенесі – өзінің аңызға толы рухани құндылығымен қатар, сәулет өнеріндегі ғажайып ескерткіш. Ескерткішті қалаған кірпіштердің өртүрлілігінің өзі таңғалдырады. Оның алғашқы қалпы тек батыс қабырғасында сақталған.

Қайта қалпына келтіру жұмыстары 2001–2004 жылдар аралығында жүргізілді. Шеберлер кесенені қалпына келтіру үшін үш жыл бойы ізденіп, оның кірпішінің жасалу технологияларын зерттеді. Тек ескі технологиялы пештерді қолдану арқылы 72 түрлі белгі салынған плиткалар дайындалды. Сондай-ақ кесененің іргетасын қатайту, қабырғаларын көтеру, ішкі және сыртқы айшықтарын жөндеу секілді күрделі жұмыстар атқарылды.


*Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясынан*





**8.** Мәтінде қолданылған тыныс белгісінің түрлерін анықта.




**9.** Мәтін мазмұны бойынша 3–4 сұрақ жазыңдар. Фразеологизмдерді қолданып, өзара диалог құрыңдар.


 **10.** Айша биби кесенесінің сәулет ерекшелігі туралы айт. Ол үшін дереккөздерден орта ғасырлардағы Ұлы Даланың сәулет өнері туындыларына қатысты ғылыми мәтіндермен танысып ал. Сәулет өнеріне төн термин сөздерді дұрыс қолдан.

 **11.** Қазақстан жерінде бой көтерген ғашықтар кесенелерінің бірі туралы дереккөздерден материал жинаңдар. Оны слайд арқылы көрсетіп, тұсаукесер жасаңдар.

 **12.** «Қазіргі жастарда Қарахан мен Айшаның махаббатындай ұлы сезім бар ма?» тақырыбында ойкөкпар (дебат) өткізiңдер. Ойкөкпардың талаптары мен шарттарын сақтаңдар.

 **13.** Ұлы Даланың ежелгі мәдениетіне қатысты сәулет ескерткіштерінің каталогін жаса. Каталогта сәулет өнерінің суреті, атауы, тұрған орны, тұрғызылған уақыты, қазіргі жайы туралы қысқаша мәлімет көрсетілісін.




 **14.** «Ұлы Даланың сәулет өнері» тақырыбында өтілген материалдарды «Инсерт» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр ақпаратты не тапсырманы белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

## 5–6-сабақ

## ЗАМАНАУИ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ



 **1.** Сабақ тақырыбына өзек болып тұрған «дәстүр» және «жаңашылдық» ұғымдарының мәнін анықта. Олардың арасында қандай байланыс болуы мүмкін деп ойлайсың? Пікіріңді шағын пайымдама мәтін түрінде жаз.



2. Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.



1) Бұл – біздің еліміздегі аса құнды жәдігер, сәулет өнерінің керемет туындысы. Онда ұлттық сәулет өнеріне тән қандай белгілер бар?

2) Ол қандай ғимараттар тобына жатады?

3) Сәулет туындысының түркі халықтары үшін маңызы қандай?



3. Мағжан ақынның «Түркістан» өлеңінен алынған үзіндіні оқы. Оның мазмұнының жоғарыдағы сәулет өнерімен байланысы бар ма? Ойыңды дәлелде. Өлең мәтіндегі қосарланып тұрған тыныс белгілерінің қойылу себебін анықтап, айтып бер.

Түркістан екі дүние есігі ғой,  
Түркістан ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,  
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.  
Тұранның жері менен суы да жат,  
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі сол екі су жағасында  
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тұранның билері бар Тарағайдай,  
Сол биден Темір туған от боп ойнай.  
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,  
Жарқ етіп өте шыққан найзағайдай.

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,  
Түріктен басқа от болып жан туып па?  
Көп түрік енші алысып тарасқанда,  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Бұл Тұран ежелден-ақ Алаш жері,  
Тұрансыз тарқамаған Алаш шері.  
Тұранның топырағында тыныштық тапқан  
Алаштың арыстаны – Абылай ері...

Шер батса, кім іздемес туған елін,  
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?  
Арқаның ардагері – қалың алаш,  
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алай,  
Күтеді көптен сені қарай-қарай.  
Кене мен Абылайдың жолын құмай,  
Жапанда жайылудың мәні қалай?!

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі сол екі су жағасына,  
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!

- 4. Мәтінді тыңда. Салалық термин сөздерді жазып ал. Мәтінде суретте көрсетілген қай ғимараттар туралы айтылады?**



- 5. Мәтін мазмұнына сүйеніп, осы сәулет туындыларында дәстүр мен жаңашылдықтың торысы қалай көрініс тапқанын айт. Өз сөзіңде сәулет өнеріне қатысты термин сөздерді орынды қолдан.**



**6. Мәтінді оқы.**

Елорданың Бас жоспары – астана тіршілік-тынысының қолайлы ортасын құру және оны орнықты дамыту, экологиялық

қауіпсіздігін, табиғи және мәдени мұраларын сақтау мақсатында жасалған қаланың сәулет-құрылыс жоспары. Бұл жоба Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен іске асып жатыр. Жоспарды жасауға халықаралық байқау жарияланып, байқау нәтижесінде жапон сәулетшісі Кишо Курокаваның арнайы жасаған жобасы қабылданды. Осы жобаның ішіндегі өте құнды сәулет туындысы – Қазақстанның Ұлттық музейі.

Жалпы көлемі 74 мың шаршы метрден асатын Ұлттық музейге Қазақстанның ерте ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі археологиялық, этнографиялық жәдігерлері мен мәдени ескерткіштері жинақталған. Ұлттық музейдің экспозициялық кешендерінде Тәуелсіз Қазақстан, Алтын, Ежелгі және ортағасыр тарихы, Этнография, Тарих, Заманауи өнер залдары бар. Музей халықаралық стандарттарға сай жабдықтармен жарақтандырылған.

Экспозициялар үшін заманауи көрме технологиялары: бірегей иілгіш экран, медиа-еден, қазіргі астананың серпінді макеті, голограммалар, диодты жарығы бар LED-техника, сенсорлы дүңгіршектер, мультимедиалық жолсерік және т.б. қолданылады. Жеті залда ұсынылатын негізгі экспозициялардан бөлек көрмелер де ашылды: Қазақстан Республикасы қолөнершілерінің жәрмеңкесі, «XIX–XX ғасырлар тоғысындағы қазақтар» мұрағат суреттерінің көрмесі, Венгрия суретшісі Джудит Покс пен Ресей суретшісі Яна Волкованың киізден жасаған жұмыстарының фотокөрмесі, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері Сәуле Бапанованың «Сейхун толқындары» атты киізден жасалған киімдері жиынтығының көрсетілімі.

Баспасөз мәжілісі барысында шетелдік қонақтардың бірі Джон Симпсон: «Лондондағы Британ музейінің тәлімгері ретінде осындай іс-шараға қатысу мен үшін зор құрмет және қуаныш.







Музей – мәдениет белгісі, зерттеулер жасап, білім алу үшін үлкен мүмкіндік берер, халықаралық ынтымақтастыққа үлкен үлес қосар орталық. Музей құрылысының дизайны – кісі таңғаларлықтай, өте маңызды заманауи ғимарат. Бұдан басқа, көне экспонаттарды мультимедиалық технологиялар арқылы көрсетудің жаңа тәсілдерін қолдану – заманауи жетістік», – деді.

Ұлттық музейге 17.30–22.00 аралығында баруға болады. Келушілер үшін «Ұлы Жібек жолымен саяхат» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылады, оның ішіне мыналар кіреді:

- Түркістан, Сауран, Испиджаб, Тараз, Сығанақ, Ақмешіт, Отырар, Суяб сияқты Жібек жолы өткен Қазақстандағы ортағасырлық қалаларға бөлінеді;
- суретшілер мен қолөнер шеберлерінің шеберлік-сыныптары;
- сәндік-қолданбалы өнер жәрмеңкесі;
- суретшілердің аспан астында сурет салуы, ұлттық киім үлгісімен суретке түсу;
- балаларға арналған интерактивті ойын бағдарламасы, балаларға арналған интерактивті алаң, музей викторинасы;
- ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар мен сусындардан дәм тату;
- домбырашылар кеші.

*«Астана ақшамы» газетінен*



7. Мәтіннен төл және кірме сөздерден жасалған терминдерді екі бағанға бөліп жаз. Олардың мағынасын анықта.

Төл терминдер	Кірме терминдер



8. «Аквариум». Мәтін мазмұнына сүйеніп, журналист пен музей қызметкерінің 1,5 минуттық диалогін көрсетіңдер. Диалогте ең маңызды ақпараттар қамтылсын. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.



9. Астанадағы «Ұлттық музейде» Ұлы Дала өркениетіне қатысты қандай экспонаттар бар екенін анықта. Музей сайтына кіріп, олармен таныс. Өзіңе қызықты болған деректерді жазып ал.



10. Ұлттық музейдің өзің қалаған залында өткізілетін қазақ археологімен кездесу туралы хабарландыру жаз. Хабарландыру мәтінде тыныс белгілерін дұрыс қолдан.



11. Мәтінді оқып, мазмұнын сабақ тақырыбымен байланыстырып айт.

...Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

*Н. Назарбаев*



12. Сабақта өткен ақпараттардың негізінде өз ойыңды аргументативті эссе түрінде жаз. Эссе мәтінде алынған деректерге сілтеме жаса. Оларды пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсет.

## 7-сабақ

## НӘТИЖЕ САБАҚ

?



1. Қазақстан картасына төменде берілген жерлерді белгілеңдер. Олардың ішінен біреуін таңдап, дереккөздерден соған қатысты ақпарат жинаңдар. Ақпараттарды Ұлы Дала өркениеті тарихындағы сәулет өнерімен сабақтастырып, шағын мәтін құрап жазыңдар.

Есік, Шілікті, Берел, Бесшатыр, Аралтөбе т.б. обалары; Жалаулы көмбесі, Қарғалы көмбесі.



Берел қорымынан табылған жәдігерлер

2. Құнды тарихи жәдігер – Ақыртас кешені туралы мәтінді оқып, дереккөздерден қосымша мәлімет іздеп тауып, сыныптастарыңмен бөліс.

Өңіріміздегі әлемдік мәдениетке бергісіз тарихи-мәдени ескерткіштеріміздің бірі – Ақыртас құрылыс кешені. Ата-бабаларымыздың көне дәуірдегі мәдениетінің озық үлгісі болған Ақыртас сарайы – Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 шақырым жерде. Әлемдік мәдениетте тарихын тасқа жасырған құпия құрылыстың ғаламдық кереметтердің қатарынан ойып орын алары заңдылық. Мұндай ғажайып құрылыстар әлем тарихында санаулы ғана. Таудың қызыл түсті тастарын өдемілеп ойып отырып, салмағы тонналап тартатын бітеу тас блоктар жасап шығару – адамзат баласының есте жоқ ескі замандағы өркениетінің баға жетпес құндылығы. Ежелгі дәуірдің асыл мұрасына айналып, көз тартар



Ақыртас кешені

көркемдігімен талайдың таңдайын қақтырған Ақыртас кешені – ата-бабаларымыздың сәулет өнеріндегі қайталанбас ғажайып қолтаңбасының бірегейі. Талай ғасырлар мен шапқыншылықтардың куәсі болған бұл кешеннің ерекшелігіне қызыққан ғалымдар өз зерттеулерін жүргізіп, сансыз пікірлер қалдырды. Аталарымыздың тарихтың даму барысында ғасырлар бойы Еуразия даласымен көшіп-қонып жүріп-ақ қала мәдениетін дамытып, ғаламдық өркениетте мәдениеттің озық үлгісін жасай білгені керемет!


*«Ақыртас кешенінің құпиялары» мақаласынан*



**3. «Аквариум».** Диалог. Шетелдік досың сенен қазақ жеріндегі ежелгі сәулет жәдігерлері туралы сұрады. Сен Отырар туралы айтып бер. Сынып «Ең үздік сұхбат» иелерін анықтасын.



Отырар

 **4. Жағдаяттық тапсырма.** Сендер – «Жас археологтар» үйірмесінің мүшесіңдер. Үйірменің бір жобасы «Отырар кешені» деп аталады. Осы үйірме жұмысын жандандыру жөнінде мектеп басшысына өтініш-хат жазыңдар. Хатта төмендегі мәліметтерді қамтыңдар.

1) Отырардағы алғашқы қазбаны Ресейдегі Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің мүшелері А.К. Кларе мен А.А. Черкасов 1904 жылы жүргізді. Олар бірқатар траншеялар салып, материал жинақтады.


2) Одан кейінгі зерттеулер ХХ ғасырдың 40-жылдары профессор А.Н. Бернштам басшылығымен жалғасын тапты.

3) 1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы ұйымдас-тырылып, оны К.А. Ақышев басқарды.

4) 1991 жылдан К.М. Байпақов басқарып келеді.

5) 2001 жылы ЮНЕСКО–Қазақстан–Жапония бастауымен «Ежелгі Отырар қала жұртын консервациялау және сақтау» қорының халықаралық жобасы жұмысын бастады.



 **5. «3 сұрақ» тәсілімен «Сәулет өнері» тақырыбы бойынша төмендегі сұрақтарға жауап жаз. Жауабыңды түсіндір.**

1-сұрақ: Не пайдалы болды?

2-сұрақ: Нені есте сақтау керек?

3-сұрақ: Не істеуім қажет?

**МАЗМҰНЫ**

Алғы сөз.....	3
---------------	---

**1-бөлім. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ**

1–2-сабақ. Адамзат әлемі және құндылықтар .....	4
3–4-сабақ. Қазіргі қоғам құндылықтары.....	11
5–6-сабақ. Тіл – құндылық.....	18
7–8-сабақ. Қазіргі қоғамдағы мәдениет пен өнер құндылықтары .....	23
9-сабақ. Нәтиже сабақ.....	28

**2-бөлім. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ:  
ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС**

1–2-сабақ. Индустрияландыру: ұлттық өндіріс тарихы.....	31
3–4-сабақ. Теміртау – қазақ Магниткасының көшбасшысы.....	35
5–6-сабақ. Заманауи индустрия: ұлттық өндіріс жетістіктері .....	43
7-сабақ. Нәтиже сабақ.....	47

**3-бөлім. АДАМЗАТ ДАМУЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

1–2-сабақ. Адамзат дамуы және әлемдік саясат .....	48
3–4-сабақ. Ғаламшардағы жаһандық мәселелер .....	53
5-сабақ. Нәтиже сабақ.....	59

**4-бөлім. АДАМ ӨМІРІН САҚТАУ**

1–2-сабақ. Адам және Табиғат .....	62
3–4-сабақ. Лаңкестік – адам өміріне төнген тосын қатер .....	67
5-сабақ. Нәтиже сабақ.....	59

**5-бөлім. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ**

1–2-сабақ. Сәулет өнерінің тарихы .....	75
3–4-сабақ. Ұлы Даланың сәулет өнері.....	80
5–6-сабақ. Заманауи сәулет өнері: дәстүр мен жаңашылдық .....	84
7-сабақ. Нәтиже сабақ.....	91

*Оқулықта К. Муллашев пен А. Дүзелхановтың  
картиналары пайдаланылды.*

О қ у б а с ы л ы м ы

**Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы  
Рай Қайрат  
Жүмекенова Ләйлә**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

**Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика  
бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық**

**Редакторы Н. Бекхожаева  
Фотосуреттер А. Устиненко  
Көркемдеуші редакторы Д. Сабитаева  
Техникалық редакторы Ұ. Рысалиева  
Корректорлары Ү. Бахова, Е. Амангелді  
Компьютерде беттеген А. Бекбергенова**

ИБ №160

Теруге 25.02.2019 берілді. Басуға 09.07.2019 қол қойылды. Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Офсеттік қағаа. Мектептік өріп. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 6,0.  
Есептік баспа табағы 5,49. Таралымы 48 000 дана.  
Тапсырыс №4409.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

